84.5623.
C18

Кәкімбек Салықов

39343

Тарихтың ТАРЛАНБОЗЫ

Кәкімбек Салықов

Тағдыр тарланбозы

Өлеңдер мен поэмалар

"Фолиант" баспасы
Астана-2006

ББК 84 Қаз 7-5

Академик Манаш Қозыбаевқа арнадым

С 18 Салықов К.
Тарихтың тарланбозы.
Өлеңдер мен поэмалар. — Астана: Фолиант, 2006. — 148 бет.

ISBN 9965-35-086-8

«Кенші — ақын», «Жезкиік — ақын» атанған көрнекті қаламгеріміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың бұл жинағына еліміздің ерен тұлғасы, тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихының тас тұғырын қалап кеткен өз мектебі бар көсем тарихшы, өресі биік, өнегесі дарабоз, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевқа арналған өлеңдері мен поэмалары кірді. Жинақтың тартымдылығы ғалым өскен өлкені, өркен алған ортаны қамтыған жыр маржандары ардақты ғалым-азаматтың жайдары бейнесін аша түседі. Ғұлама Ғалым М.Қ. Қозыбаев жарты ғасырдан астам ұстаздық және ғылыми өмірін қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауға арнаса, жинақтың негізгі арнасы да сол бағытты ұстанған.

Ақынның жүрек сағынышы мен жан тынысын тыңдаңыздар. Оқырман қауым сүйсінер деп сенеміз.

39343

С 4702250202
00 (05)-06 ББК 84 Қаз 7-5

014

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА г. Петропавловск

© Салықов К., 2006
ISBN 9965-35-086-8 © «Фолиант» баспасы, 2006

Бірінші бөлім

СӨНБЕЙДІ МАНАШ – ЖҰЛДЫЗ

Қырғыздың Манасы бар,
Қазақтың Манашы бар.
Егіз ел тарихы бір,
Бітпеген жарасы бар.
Қырғыздың Манасы бар,
Елге ұран қалған сөзі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың тарланбозы.

Қырғыздың Манасы бар,
Өшпейтін жалынды ісі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың тамыршысы.
Шежіре бар астары,
Тамаша жарасқаны.
Тілектес қырғыз, қазақ,
Манасы, Манаштары.

Қырғыздың Манасы бар,
Алашқа аңыз еді.
Қазақтың Манашы бар,
Ғұлама абыз еді.
Есті дос құптарындай,
Жалғасып тұтқаным бай:
Жамбыл мен Тоқтағұлдай,
Шыңғыс пен Мұхтарымдай.

Қырғыздың Манасы бар
Жасаған ұран елі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың құлагері.
Шоқаным, Мұхтарым да
Қазақтар Манасшылмыз.
Манастан құт дарыған,
Сөнбейді Манаш — жұлдыз.

2002 жыл

ТАРИХТЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

«Байтақ Ресей екі Ресейден тұрады»
Манаш Қозыбаев

Ай, әлемнің азулы туған арысы,
Ресеймен тынды ғой қазақ бар ісі.
Ақ аю аттап, елдің есін кетірді,
Қорқа, қорқа болыппыз Азия Барысы.

Жоңғарлар шапқан шұбырынды
сын көрдік,
Қысылған кезде Ресей жебеп күн көрдік.
Бекініс салып ақ патша елді басынса,
Достоевский, Пушкинді танып үлгердік.

Бар шындық осы реті келмес мысқылдың,
Арқауы бар тығырықтағы мүшкілдің.
Бір Ресей — аларман болса шабарман,
Бір Ресей — бостандық жолы Пушкиннің.

«Байтақ Ресей екі Ресейден тұрады», —
Деген сөзі Манаштың маған ұнады.
Бір Ресей жеріме көз алартса,
Бір Ресей рухани достық құрады.

2002 жыл

ЕЛБАСЫНА БЕРГЕН КІТАПТАҒЫ СӨЗ

Нұреке, алғыс арнап мақтанамын,
Биікке бастай берсін шат қадамың.
Орнықты Сарыарқада «Ақ Орда» боп,
Қазақтың ақ тілегін ақтағаның.

Өлсе де өшпей ауыр шеккен азап,
Бұл күнде құт орнады елге ғажап.
Әйтеуір, Елбасының бір жақсысы,
Төренің тұқымы емес, таза қазақ.

Өзіме бар ерекше жақындығы,
Жәдігер елді ойлағыш асыл мұңы.
Бір сырлы сансыз қырлы болса-дағы,
Бәрінен маған қымбат ақындығы.

07.03.2006.
Астана, «Ақ Орда»

ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАН

Әр сөзден көксегенім табылғандай,
Алады бойға рахат жаным қандай!
Сағынып мен Абайды оқи берем,
Күнде бір ой сәулесі жағылғандай.

Қазаққа жоламастай заман ақыр,
Айтқаны ақыл-кеңес санаға сыр.
Мейірбан, адамсүйгіш ақ тілегі,
Еліме ақ сәуледей тарап жатыр.

Жүргем жоқ ғашық назын біле білмей,
Үн қостым артта үзілмес легіндей.
Абайдың әнін айтсам, жан толқиды
Туған ел бірге соққан жүрегіндей.

Кірмедім мен ақындық сапқа бекер,
Абайшыл пәк тілегім сақтап өтер.
Әлемдік даналармен қатарласқан,
Ол — нағыз ұлттық қорған мақтан етер.

2005 жыл
Астана

БІЗДІҢ МАНАШ ОСЫНДАЙ

Өмір — кітап,
Тарих нұсқа беруші.
Тарих — әжем,
Бәрін үнсіз теруші.
Тарих — анам,
Жөн көрсетіп, көз салған.
Тарих — ұстаз,
Ертеңге жол көруші.

Өмір — теңіз,
Манаш — бағыт сілтеуші.
Жентектеудің
Сырын сондай білсеңші.
Жаны таза
ақ сүтіндей ананың,
Сондықтан да,
Ол — ең әділ тіркеуші.

Мейлің достым,
Мінез білдір қосылмай,
Оны айтқанда
Шыдамаймын жосылмай.
Манаш — шындық,
Манаш — тура әділдік,
Ар иесі —
Біздің Манаш осындай!

09.08.2006.
Астана

ҚАНАТТЫ АДАМ

Манаш — десең,
ағылар естелігім,
Дайын тұр ғой жыр артқан бес көлігім.
Ақынжанды мінезі ашық еді-ау,
Ақ жүректің досқа арнар десте гүлін.

Мықты еді ғой дәстүр мен ғұрыпқа да,
Қолда барын тосатын жырып қана.
Шешен еді,
бірақ та, сен сөйлесең,
Тыңдайтұғын қаймақтай тұнып қана.

Ақиқатты жүрмеді тегін бастап,
Жан еді ғой ұстанған берік мақсат.
Ұлтжандылық ұраны, құраны еді,
Бақытты күн тынбайтын еліне аңсап.

Кемеңгердей сыйлаушы ем сөзін балап,
Отырғанын қимаушы ем көзін қадап.
Бір мінезі сол еді-ау мен сүйетін,
Ешқашан да етпеді өзін мадақ.

Өкініш көп, ой да көп қабаттаған,
Шын абзал жан көрінді Манаш маған.
Арамыздан шіркін-ай, ерте кетті,
Ел төрінде шалқыған қанатты адам!

БІРЛІК ТУЫ — БИ-АҒА

Бел-белестен белгі тастап Бейімбет,
Шоқ жұлдыздан қалған жоқсың кейіндеп.
Қай ауылда тусаң-дағы байтақ ел,
Жан-жүрегін тосар саған бейімдеп.

Сырт айналса, ауыр күнде дос талай,
Ұмытқан жоқ өзің туған Қостанай.
Ардақтады Сәбит, Ғабит ағалар,
«Нар тұлға» — деп сыйлап, естен тастамай.

Кер заманның шексең талай азабын,
Туды бүгін Би-аға дер ғажап үн.
Мәңгі бақи сені ардақтап өтеді,
Жер бетінде есен болса қазағың.

Сәкен ұшқан ғарышта,
Ілияс озған жарыста.
Мағжан жеткен қияда,
Сен де жүрсің Би-аға.

1994 жыл

ҚҰТТЫ ӨЛКЕ

Жер патшасы — Солтүстік Қазақстан,
Саған ғашық ұмтылған таң алыстан.
Кербез Көкше, ерке Есіл, асау Тобыл,
Сұлулыққа малшынған жаралыстан.

Ырысты жер тасқыны қалмас тоқтап,
Даналарды еске алар талай соқпақ.
Торғын тоғай, ну орман —
Бәрі осында,
Майы қалың, құйқалы қара топырақ.

Қыз-қарағай шақырып
қыр асып ем,
Ақ қайыңдар жайнап тұр кіл ашық өң.
Тіл тартады,
Уылжып жидек, шие,
қытықтайды жусаны, жуасымен.

«Үкілі Ыбырай» тербелткен сексен көлім,
Ақан, Біржан жайлаған сеңсең белім.
Сал самырсын, көк шырша, күміс терек,
Қыз-бозбала секілді өңшең керім.

Қостанайым іргеде арайланды,
Дана Ыбырай білімге сарай салды.
Сәбит, Ғабит сөйлесіп отырғандай,
Қос өркешті Айыртау қарай қалды.

Ақындарға ежелден даламыз бай,
Ғалымдарға бұл күнде қаламыз бай.
Оқшау өрде
Көрінді Жалғызтауым,
Дара туған Мағжан ағамыздай.

Исі райхан, саф ауа жұтып қана,
Жадырайсың самал жел күтіп сана.
Сай-салалар
Шоқанның ізі жатқан,
Өзі дана екен ғой мұхит-дала.

Ахмет пен Міржақып егіз бе еді,
Сырбай ағам жартас қой теңіздегі.
Молдақмет,
Нұрқандар қатар шықты,
Ақ батасын бергендей Сегіз Сері.

Құлагерше құлшындық жасымызда,
Әнші, ақын
ерте өстім заты қызба.
Евней, Мұрат, Манаштар қандай еді,
Кеше жүрген көш түзеп қасымызда.

Бұл үшеуін біледі әлем тегі,
Өмірзақ пен Аманжол мәнерледі.
Кенжеғали мүсінші Төлегенмен,
Түрлендірді Ермек пен Сәкен сері.

Ата мирас
Жалғасқан ел арасы,
Бәрі ортақ өзен, көл, кең даласы.
Тұтас өлке Солтүстік Қазақстан,
Бөле алмайды облыстар шекарасы.

Ауылымыз көршілес қадам басқан,
Атамекен осындай бабам жатқан.
Даналардың ығында
Жаралдым мен,
Осынау жерге шын ғашық махаббаттан.

Дархан аймақ
Қызығам өміріңе,
Жаңа қарқын ой салды көңіліме.
Ел Ордасы орнықты Бәйтерегі,
Абылайхан ту тіккен өңіріме.

Жер патшасы — Солтүстік Қазақстан,
Көлдеріңді қайтқан құс санап ұшқан.
Беу, Астана!
Елімнің кіндік төрі,
Бұйырыпты өзіңе жаралыстан.

2002 жыл

КҮЗГІ ШУАҚ

Жүрегім, енді тыным аласың ба?
Әлде бір тың әуреге саласың ба?!
Шаршатқан шартараптан әрең жеттім,
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Балқып тұр кербез Көкше белестері,
Айнакөл ашық жатыр жел еспеді.
Айдында аққу-қаздар саңқыл қақса,
Мектептес қыздар көзге елестеді.

Жасымда ердім тағдыр жетегіңе,
Қой енді, қарайлатпа кешегіме.
Кен қазып, жыр төгілтіп жеттім есен,
Туған жер Жалғызтаудың етегіне.

Жанымның таптым дәрі жарасына,
Қарсы алды көк Есілдің жағасы да.
Күзгі орман жасауы бай қалыңдықтай,
Сыймай тұр екі көздің шарасына.

Ақ марал ере тартты баласына,
Ақ киік кетті тоғай арасына.
Бүйірін қыздырып тұр үйір жылқы,
Ой салып тірі жанның санасына.

Көрдім-ау қызыл-сары көк өрімді,
Аққу-қаз өтті төгіп жойқын үнді.

Самарқау қол сілтесе сал Сырымбет,
Саумалкөл, сағындым ғой толқынынды.

Жаз өтті, күз жарықтық сараңданды,
Шабыс жоқ, баяу жортақ аяң қалды.
Ну орман жапырағы түсіп жатыр,
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

03.12.2003.
Астана

2-167

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

* * *

Сұм жалғанның сан соққысын кештім де,
Бал аштырып көрмей келем ешкімге.
Керіссем де, кейісуге бармадым,
Қайран достың кей қатесін кештім де.

Мақтанышқа сараң туды сөздігім,
Жадыраймын жарқ еткенде өз гүлім.
Ақындығым — анам берген бақытым,
Кеншілігім — қатер шеккен өз күнім.

Жырға қоссам сағынышты сезімді,
«Барға» тәубе, «жоққа» болдым төзімді.
Көргенім жоқ кеуде қағып паш етіп,
Биіктерде самғап жүрген кезімді.

«Жезкиіктей» үйіріме айналдым,
Өлең, саған енді мәңгі байландым.

20.01.2003.
Астана

БІР ЖАҢАРТЫП ӨТЕТІН

Кей қаланың аты әншіл үн берді,
Ақмоламыз Астана боп үлгерді.
Кей қалалар атын жиі өзгертіп,
Әр заманға сай болар лық күн көрді.

Ескі Ермақ Ақсу болып оңалды,
Ата жұртым нұры жанған өң алды.
Шетте жүріп елге жеткен секілді,
Тараздарым өз атына оралды.

Ал, Павлодар мызғымай тұр шертиіп,
Сыйлық емес «дар» — дегені шер күйік.
Ақ патшаның бекінісі емес пе,
Намыс қозғап тұрған өңсіз мелшиіп.

Сан ойланып,
Сана мұңын кешесің,
Өтпеді ғой ұлыққа айтқан неше сын.
Петропавловск дегенді ерсі көремін,
Басып жүріп Қызылжардың көшесін.

Тағдыр осы, өңменіңе жететін,
Әудем сәтте мәңгүрт етіп кететін.
Салт, санама сыйыспайтын аттар бар,
Кезі келді бір жаңартып өтетін.

Гәптің бәрі түпкі негіз затында,
Затын ойлар бар ғой берік хақым да.
Орыс достар қолдайды деп ойлаймын,
Қос қаланы Ақ патшаның атында.

2002 жыл
Алматы

МАНАШҚА
БЕРГЕН КІТАПТАҒЫ СӨЗ

Асыл туған,
намыс буған арыссың.
Кер заманмен,
кең жалғанмен табыстың.
Тарих сырын «бұрқылдатып» аша бер,
Асыл досым, о, Құлагер шабыстым.

Тентек бала келген бала бақшада,
Көз салғандай жақсы затқа басқада.
«Бұрқылдатып» — деген сенің сөзіңді,
Сотқар сөз деп алып қойдым жақшаға.

МАНАШТЫҢ АЙТҚАНЫ

— «Бұрқылдату» әлдекімге добал ғой,
Бұрқылдатпай былқылдатқан солар ғой.
Ақынсың ғой, ашып таста жақшаны,
Жақсы сөзді тұтқынға алу обал ғой.

08.03.2000.
Алматы

СЕГІЗ СЕРІ КЕМЕҢГЕР

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,
Сегіз сері асқан талант, ерен ер,
Ұстазым деп ардақтаса Біржан сал,
Сол емес пе озық туған кемеңгер.

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.
Баһрам ұлы ол Мұхамед-Қанафия,
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара асқақты,
Оны жастай ұлтжандылық басқартты,
«Тентек қазақ ереуілін» — бұз деген
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, һас батыр,
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.
Исатай мен Махамбетке септесіп,
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін сыр бойына оралды,
Дертке дауа тапқандай тез оңалды.
Төтеп беріп Хиуа, Қоқан, Ойратқа,
Өзі дербес ел қорғаны бола алды.

Қалай ғана Мақпал қызға тамсанбас,
Ғажап сол ғой атына сұлу жан салмас.

Мерт болды ол Ойраттардың оғынан,
Сонда туды ән төресі — «Гауһартас».

Кімге тиді десек тағы обалы,
Ел мұрасын жинап алған жоқ әлі.
Сегіз Сері ұлттың рухын қорғаған,
Шын кемеңгер серіліктен де жоғары.

14.04.2005.

ӨТКІНШІ

«Дүние-дүрмек өткінші»
Манаш Қозыбаев

Қара бастың қамын ойлап нығырлап,
Иван Грозный сияқты елді сығымдап.
Сталин де өтті астамшылық орнатып,
Демократияны Бериямен тығындап.

Хрущев те өте шықты шырылдап,
Тың көтеріп біздің жерге қырындап.
Жағы түспей
тақты бермес Брежнев те,
Өтті, кетті осқырынып, қырылдап.

Тарих — әжем болса көпке екпінші,
Әрі қамшы, әрі құймақ деп білші.
Бір жақсысы
Тоқыраудың торы да,
"Қайта құру" бәрі болды өткінші.

Қай заманның атса-дағы қай таңы,
Жер — Ана өз жүрісінен қайтпады.
Өте қызық...
Осы біздің Манаштың,
«Дүние-дүрмек өткінші» — деп айтқаны.

ТОҚТАМАЙДЫ ЖҰМЫР ЖЕР

Есіме алсам өмірдегі әр ізді,
Қарақалпақ елі жолым маңызды.
Кремльдің солдатымыз ол кезде,
«Мен барам» — деп бергем жоқ қой арызды.

Сол өлкеге арнадым дәл бес жылды,
Арал үшін айқас бастап көш кірді.
Ең ғажабы жаны ашымас теңізге,
Негізі бар кей есерге ес кірді.

Арал десек, қыза түсіп үдеймін,
Егделікті тез ұмытып түлеймін.
Тоқтамайды, жер айналып барады,
Көк теңізге ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жұмыр жердің өтер талай қонағы,
Аралға да бақ жұлдызы қонады.
Бұрынғыдай болмаса да көлемі,
Жылдар өтер, Арал қайта толады.

Жоқ десек те, бүгін бізде зор табыс,
Болашағым етер үлкен қолқабыс.
Нақұрыстардың тым надұрыс ісіне,
Табиғаттың өзі берер тойтарыс.

21.11.2002.

ҰЛЫ ТАҒЗЫМ САПАРЫ

Көп мәніс бар сапар сырын айтуда,
Діни рәсім, ата мирас салтында.
Манаш бастап
Ұлы жолға аттандық,
Абылай ханды қайта жерлеп қайтуға.

Әбдіжәміл, Төрегелді, Салық бар,
Шота, Сайын, Аманжолды танып қал.
Құл-Мұхаммед Мұхтар біздің сенатор,
Жігіт екен елдің көркін анықтар.

Қожа ұрпағы
болғандығы қолдай ма,
Келешекке үміт арттым сондайда.
Ұлы ханға бисмилладан ас берді,
Қасиетті Кенен елі Қордайда.

Қар жауып тұр,
Борандатса жел үдеп,
Киелі хан әруағы берді сеп.
Борандатып Түлкібасқа жеткенде,
Күтіп алды айтулы әкім Бердібек.

Әбдіжәміл жолда әңгіме бұлағын,
Ашты жүрек жағып нұрлы шырағын.
Алшақ деген,
Шапшаң өтті ұзақ жол,
Ғаламатқа қанды екі құлағым.

Мың шақырым жерді ләм-им жүк көрмей,
Күйлі жетті шекпеніміз бүктелмей.
Түркістан да тіке тұрып қарсы алды,
Жүріновтер жүктің зорын күткендей.

Университет. Сәнді сарай, ақ маңдай,
Арайлы екен Абылайды атап салғандай.
Қамқорлыққа Қожа Ахмет Йассауи,
Арыстанбаб екеулесіп алғандай.

Кіші Мекке
әруақ қонған аралдай,
Кете алмайсың жан-жүрегің жаңармай.
Абылай ханды қайта жерлеп оралдық,
Ұлы рәсім есте мәңгі қалардай.

19.03.2000.
Түркістан

ТҮРКІСТАНҒА БАРҒАНДА

Түркістанға дәм-тұз татып барғанда,
Зиялылар ой жүгіртті әр маңға.
Манаш айтқан,
қызды әсемпаз әңгіме,
Қармақ салған талай ынтық арманға.

Бір қара көз
тақасының жарқылын,
Өлең еттім қосып сырға алтынын.
Уақыт та жоқ,
Жас та келді біразға,
Қысылдым ғой келмей ескі қарқыным.

Бұл жалғанның қыр мен сырын өлшетіп,
Ғалымдық пен серілікті көрші етіп,
Түнделетті Төрегелді ағамыз,
Сегізінші ғаламатты көрсетіп.

«Миколай соққан сөлкебайдай әдемі»,
Шота десек жайнар сәулет әлемі.
Алпыс қатын алса да Абылай атасы,
Қасында жүр жалғыз ғана әйелі.

Көп соққылап есерсоқтау Шортанды,
Көпен ақын кемшілікке зер салды.
Рымғали мен Таразиді күлдіріп,
Камал жүрді жиі мақтап Шерханды.

Көзі күліп, өз күшіне сенгендей,
Әзіл сөзге әтір қосып дем бермей,
Тірі классик
Әбдіжәміл отырды,
Бефлиемге папа Римский келгендей.

Жолда ілескен жоралғыны қиял ғып,
Қолпаштаған бір алғысты жиі алдық.
Сертке жетті сексендегі серілер,
Алпыстағы жастар жағы ұялдық.

Сыйластыққа көңіліміз тоқ болды,
Қырғи мінез қырғын сөз де көп болды.
Құдай оңдап
Манаш қатты қуанды,
Жүзге бөлу осы жолы жоқ болды.

20.03.2000.

БІР ҚАЗАҚТЫ БӨЛМЕЙІКШІ ЕКІГЕ

Ескі Одақтың кезінде де бар еді,
Елді үш жүзге бөлушілер әлегі.
«Командалық» ғұрып келді бұл күнде,
«Ескі», «жаңа қазақ» туды әлемі.
О, құдай-ау, әнжүмелеп жастарды,
«Жаңа қазақ» деген дақпырт басталды.
Бір қазақты бөлме қаққа бауырым,
Оның басқа себебі бар астарлы.
«Жаңа қазақ» — біздер баққан балалар,
Жас өспірім тілге шорқақ «шалалар».
Бірақ, байқа, жаны таза арымен,
Тіл мен ділді игеруге бара алар.
Пәле жауып,
Жықпайықшы сойылға,
Біл одан да не жатқанын ойында.
Тілге олақ жігіттердің бүгінгі,
Бір кінәсі біл өзіңнің мойнында.
Жаппай қалап кеттік орыс мектебін,
Тоқтау салар кім шығарды өктем үн.
Орыстанып кеттік-ау, деп осқырсақ,
Оңдап қара ағылшындық жеткенін.
«Ескі», «жаңа» — деген ұғым жүрмейді,
Жақтырмаймын ондай іштен үрлеуді.
Кең мінезбен ғибрат, тәлім көрсетіп,
Жетілтейік шорқақ тілін күрмеулі.
Қатыгез дос, өзіңе бір қарашы,
Ол да осынау қара қазақ баласы.

Сен гүпініп «мерседеспен» заулатсаң,
Оның өмірі — жер мен көктің арасы.
Қолың жетсе, кетпе інім, қатайып,
Өткен күнде жатыр біздің бас айып.
Жас ұрпақты жасқандырмай түзеуге,
Шыдамдық пен шын қамқорлық жасайық.

02.08.2003.

ДОСҚА СЫР

Бермедің деп зор байлық,
Аллаға жүк артпайық.
Аялап «аз»-ды молдай ғып,
Қолдағы барды сақтайық.

Әкеліп жарық дүниеге,
Әл берген ашып санаңды.
Талпынтқан жастай әрнеге,
Сыйлап өт асыл анаңды.

Ағаңа күш бол шығынсыз,
Жүдетпе сепшіл жүрегін.
Ініңе жаз боп шыбынсыз,
Жайқалып өссін тірегің.

Балаңды тілдеп жекірме,
Ол саған қатты сенеді.
Бағаңды сыйлы кетірме,
Сені де әкең жебеді.

Дос-жаран, туыс-жақынды,
Жоғалтпай түгел сақтайық.
Әр ісі жанға татымды
Сүйген жар көңілін ақтайық.

Ақылсыз қайрат — пәлекет,
Қайратсыз ақыл — тұл жетім.

Аянбай етсең әрекет,
Ақталар елге міндетің.

Сөзіме етпе ерегес,
Өзім де зерлеп қараймын.
Осының бәрі мен емес,
Айтқаны елге Абайдың.

24.10.2005.
Астана

Іні — деген ін түбірлес сөз деймін,
Ініміз — үй, іншілдікті көздеймін.
Ордаң осы — әулет туын көтерер,
Інім, білгей басқа жолға төзбеймін.

Сезгенім сол — інім артса өзгеден,
Өз інінен ол ешқашан безбеген.
Әке, бала гармония көрсетті,
Інін сүймес тап осыны сезбеген.

Ін сүйгіш боп сөз бастасам іріден,
Бәйкен аға тағдырымен бірігем.
Көрсетіңдер гармония Оңдасын,
Қатарласып бірі — ұлың, бірі — сен.

Тарт іниңнен, інім, биік заулап бір,
Елу жасқа шаңқай түсте самғап кір.
Сенің үйің ұлы әулеттің жалғасы,
Інін сүймес дорақтардан аулақ жүр.

Іні — деген ін түбірлес екені,
Ірілікке тура бастап кетеді.
Шаңырағын сыйлай білген азамат,
Арманына түбінде бір жетеді.

Іні деген — ағалықтың ақ жолы,
Ол — кішілік, кісілік пен бақ жолы.
Іні болу — үлкен өнер білгенге,
Іні болу — даналықтың қақ жолы.

24.03.2001

* * *

Дербестік елім алғанда,
Мәскеуден есен оралдым.
Тасалау жерде қалғанда,
Өлеңмен қайта оңалдым.

Байлыққа ерен бататын,
Талапай қамын жемедім.
Бір елде тыныш жататын,
Посол да болам демедім.

Жоламадым қайтадан,
Саясат деген сайқалға.
Қалың ел бар ғой байқаған,
Жөнді сөз сырттан айтарға.

Кеншілік көп жыл өткелі,
Әкімдік, міне, қоштасты.
Жыр келіп ақпа, төкпелі,
Қыз-шабыт құшып төс басты.

Бармадым жаттық құруға,
Жақсалық жолын сақтадым.
Ермедім ру-жыруға,
Ел бірлігін жақтадым.

Жылындым құрмет нұрына,
Жырға орап елдің жүрегін.
Күш-қуат еттім жырыма,
Дербес ел асыл тілегін.

18.18.2002.
Алматы

* * *

Дүние — озбырлықтың ойраны ғой,
Талапай олар үшін болғаны той.
Тер төкпей байығанның тазасы жоқ,
Былыққа қалталары толғаны ғой.

Өрлесін таза кәсіп намысымен,
Жеңгендер бәсекелік жарысымен.
Қажетін елдің өтеп алға шықса,
Жырға орап құттықтаймын табысымен.

2002 жыл

САҒЫНШАҚПЫН

Сағыныш болды ескірмес мамандығым,
Сол ма екен, көп артқаны заман жүгін.
Зергері сан заманның Манаш еді-ау,
Сағындық қасымызда аман күнін.

Жүректе суымайтын ағын таптым,
Ағынның жөнін бұзбас бабын таптым.
Кей достар сын сағатта қамықтырып,
Ақ ниет, адал досқа сағыншақпын.

Ой, Алла-ай, кеше бірге жүр еді ғой,
Жәй емес, кісіліктің дүрі еді ғой.
Жасқанбас жас баладай жаны таза,
Лүпілі жүрегінің бір еді ғой.

Еске алу сәті түскен күнін таптық,
Бәріміз сағыныштың зілін таттық.
Ғасырға аты әйгілі Манаш еді,
Басында тағзым етіп тұрып қайттық.

Қалғанын білдік анық кімнің жалғыз,
Сен едің Манаш жастай ынтық зар қыз.
Ескерткіш дара белгі орнатыпсың,
Айтамыз Сара саған мың, мың алғыс.

Манаштың рухына бағың толсын,
Немере, шөберелер жанында өрсін.
Есен бол, тірі жүрген ескерткіші,
Бүгінгі ас пен дұғаң қабыл болсын.

23.10.2002.
Алматы

БІР МІН БАР

Тіршілік, сенде бір мін бар,
Шаттықтан қайғың көбірек.
Сайрамай талай бұлбұлдар,
Булықты үнсіз еңіреп.
Беу, уақыт! Сенде бір мін бар,
Жүрісің шымқай асығыс.
Қамығып өткен мың гүл бар,
Қауызын ашпай қапылыс.

Бір мін бар сенде, арманым,
Тым биік құлаш сермейсің.
Білсең де дүние жалғанын,
Аз ғана тыным бермейсің.
Сұм ажал, сенде бір мін бар,
Қайғыға оқыс саласың.
Жүргенде қаптап құзғындар,
Қыранды жедел аласың.

Бір мін бар асау тағдырда,
Өңешті өртеп өтетін.
Кейде әкенің алдында,
Баласын алып кететін.
Бір мін бар сенде, інішегім,
Есерге жылдам ересің.
Қатса да қара тірсегің,
Еркелік ете бересің.

Бір мін бар сенде, бәйбішем,
Не десем соған көнесің.

Қиындықтың бәрін де,
Өзіңе арта бересің.
Жаттаған Абай сөзінің,
Қайталап көбін иланам.
Аз емес мінім өзімнің,
Кешірек ұғып қиналам.

2002 жыл

ӨТТІ ҒАСЫР

Өтті ғасыр...
Атомшыл заманды алып,
Өшті Одақ шаңырағы қараң қалып.
Аштық... соғыс... «Семейдің полигоны»...
Аз болғандай әкетті Аралды алып.

Өтті ғасыр...
Әйтеуір, танытты елді,
"Қазақ" — деген атымды алып берді.
Құдай оңдап
ақыры қайран қазақ,
Егемендік дәуірді анық көрді.

Төрге әкелдік,
Зар шеккен барды ақтарып,
Мағжан аға оралды ардақталып.
Сәкен, Ілияс, Бейімбет қайта туды,
Көшпелілер тарихын тармақтадық.

Өтті ғасыр...
Алсыншы өмір демін,
Дербестігім тарқатты көңіл шерін.
Бірақ, шіркін,
біле алмай еленделмін,
Үкілі Ыбырай қай жерге көмілгенін.

Аян болды
ар үшін алысқандар,
Орнын тапты Ахметтей абыз жандар.

Кешегіге кешірім еткізбеді,
Шәкәрімдей құдықтан табылғандар.

Өтті ғасыр...
толқымын қаламды алып,
Айтар мұңым бітпейді-ау, тәмамдалып.
Қос ғасырдың куәсі атаныппыз,
Осы күнге жеткендер аман қалып.

Селк еткізіп шақырса сезім өлең,
Көргенім көп осы екі көзімменен.
Ескі ғасыр сақтайық жақсылығын,
Жамандығы кетсінші өзіменен.

01.01.2000.

* * *

Қай заманда жақсы және жаман бар,
Ақылгөй бар, арамтамақ надан бар.
Не де болса төзім жасап біріне,
Өзіміздің қазақ қой деп қараңдар.

Кеншіліктен үйренгенім татулық,
Келеді олар сөзде тұрар батыл, нық.
Орғашы да, жорғасы да жоқ емес,
Бірақ, бәрін аялайды татулық.

Өтті бірге талай жаз бен көктемдер,
Бірін-бірі жоқ кейісіп тепкендер.
Осалдарға қорған болып мықтылар,
Ғаламат қой құт-береке сепкендер.

Бірлікті олар өмір бақи жақтайды,
Сол үшін де Алла есен сақтайды.

25.03.2003.
Астана

ІШКІ СЫР

Құдайдың бергені ме,
Бейсауат сөзге ермедім.
Кеншілік кең мінезден,
Ешқашан өзгермедім.
Тірлікте мақтан етем,
Манаштай қайсар жанды
Көз көргенін.

Құрдас боп
Керіспедік, қыр аспадық,
Ақымақ пен
есерге бас құраспадық.
Табиғи сұрыптау бар деген ұғым,
Достасып
Үлкен мәнін растадық.

Жан еді
Жалындаған оты қалың,
Сағынып
Ойға батып отырамын.
Сағыныш
толқындарын басамын деп,
Ұшырам жүректің ақ тотыларын.

2002 жыл

ТАРИХ БЕРГЕН ҚОСАҚТАР

Кенесары, Ағыбайдың арманы,
Шын үйлессе тарих берген бар мәні.
Мәңгі бақи үзілместей сол жолда,
Бауыржандар, Рахымжандар самғады.

Не де болса бір Алланың қосқаны,
Қонаевтар Брежневтің достары.
Тың қопарғыш Хрущевпен күрескен,
Шаяхметовтың келді-ау бүгін тосқаны.

Тар өткелден елім ептеп оңалып,
Түзелерміз бізде ертең қоң алып.
Мәлік ағам аунап түсті деп білем,
Көп күрсініп өтті Ілияс Омаров.

Ахмет пен Мағжан қосты алысты,
Сәкен, Ілияс, Бейімбет те табысты.
Ораздар мен Тұрарларды тұғырлап,
Қосып берді Мұхтар менен Қаныштты.

Кеңес елін дауыл соғып сұлатты,
Дербестікке жетті қазақ тұрақты.
Ту ұстаған Елбасының қасында,
Қозыбаев болды елге шырақшы.

2002 жыл

БІЛГЕНІН ЕЛГЕ ТАНЫТТЫ

Манаш — асыл, тарлан, ер,
Биік еді-ау санасы.
Ақ сұңқар туған ақтангер,
Тарихшылардың дарасы.

Қолдаған тәңірім сән беріп,
Көшбастар жүрдек нар еді.
Әр ісіне мән беріп
Байыппен қарар жан еді.

Ашқанда бетін анықтың,
Кемеңгер етті әр адым.
Мол ашты ұзақ тарихтың,
Ащы да тұщы сабағын.

Алшаң басқан адымы,
Шындықтың сырын байытты.
Тарихты терең таныды,
Еліне соны танытты.

2002 жыл

ПЕРЗЕНТІМІН АРДАҚТЫ ЖЕР-АНАНЫҢ

Ақ жаңбырдың тамшысын уыстаймын,
Аппақ тәні мөп-мөлдір су ұстаймын.
О, адамдар! Ақ ниет өздеріңдей,
Аппақ қанат құстарға туыстаймын.

Аппақ Ай да аспаннан нұр төгеді,
Таң шапағы талмаурап бізді өбеді.
Тамаша ғой Күн жайнап, жер құлпырса,
Аппақ сезім жүректен жыр төгеді.

Аппақ қанат себелеп қар жауады,
Азайтады жүректе бар дауаны.
Тазартады көңілді желпінтеді,
Наз артқаны өзіңе арналады.

Мен өмірде ақ қанат жыр аулаймын,
Аппақ қарға еркелеп бір аунаймын.
О, адамдар! Желпінткен желді сүйем,
Желсіз жерде тымырсық жүре алмаймын.

Ақ көңіл жел мені іздеп қол бұлғайды,
Қарсы аламын қаулардай онсыз қайғы.
Желде бар ғой тоғай мен тобылғы исі,
Тазалық пен сұлулық тоңдырмайды.

Аққу сүйгіш болмаса менде тыным,
Бергені бар сыбырлап көл бетінің.
Киік көрсем жалт қарап, шақырамын,
Ақ тілекшіл Жер-Ана перзентімін.

МАНАШҚА ЖАЗҒАН ЖАУАП ХАТ

"Жырына көңілім шалқыса,
Сырына толқып нұрланам.
Әніне бойым балқыса,
Мұңына қаным тулаған".

Манаштың хатынан

Хатыңа, Манаш, толқып, шабыттандым,
Ниетке сүттей таза анық қандым.
Жәдігер
жылы сөзің жан семіртіп,
Жай тапты сан ойланып жабыққан күн.

Қияға бастап өмір баспалдағы,
Келер деп ұзақ күтті жастар жағы.
Сағынып,
аңсап-сусап елге жеттім,
Жұлдыздай ағып түскен аспандағы.

Құрметің аз сөзбенен түйіндеген,
Танытты шын бауырмал сыйынды ерен.
Дербес ел іргетасын бекітуге,
Күтіп тұр бәрімізді қиын белең.

Қашан да ақын мықты арыменен,
Ақжолтай мұңым, сырым — барым өлең.
Қорғауда қазағымның бар табысын,
Тілдесер нары ғана нарыменен.

Естілді қазағыма дарынды үнің,
Сүйсінтті сыры терең ғалымдығың.
Туған ел — жалғыз Патша,
біз құлымыз,
Жүгі ауыр бұл фәниде дарындының.

Өзіңсің өксігі бір тағдырласым,
Сүйемін шын ұлтжанды салтыңды асыл.
Лүпілі дос жүректің бірдей соғып,
Сыйластық арамызда сарқылмасын.

1992 жыл

БӘЙКЕН АҒА

(Манаштың экспромт сөзінен)

Бәйеке, биік тұрағың,
Бақыт жеңгем — шырағың.
Балалар — жасыл құрағың,
Тірлікте көрген жұмағың.
Атақ пен даңқың — пырағың,
Ағайын — көусар бұлағың,
Жақсы дос — алғыр қыраның,
Ата-анаң — қолда құраның,
Балдызың — таққан тұмарың,
Бажалар — тату сыңарың,
Құдаша — қолда ұларың,
Құдалар — тату құмарың,
Құдағи — зәулім шынарың,
Көршілер — көз бен құлағың,
Қимастық көп қой бөлшегі,
Сыйластық ең зор өлшемі.
Тындырған іспен төленер,
Қайраткер болған зор өнер.
Биден де биік азамат,
Жасыңнан мықты қазанат,
Елді ойлап соқты жүрегің
Төсіңде жұлдыз — тірегің.
Келіпті бақыт жөргекпен,
Сол деймін биік төрлеткен.
Ел-жұртты сүйген таң қылып,
Мінезің — тұғыр мәңгілік.

06.04.2001.

ҚОШАНОВТЫҢ ТОЙЫНДА

Кәкімбек Салықов:

Той басталды, ағайын, танысайық,
Өзімді айту болмас та нағыз айып.
Асабалар Абылай ханы сайландым,
Наурызбайым — Сағындық Сатыбалдин,
Кенесарым ол — Манаш Қозыбаев.
Бұл шешімге қол соғып қосылайық,
Ән мен бимен бұл тойды қыздырайық,
Отырмайық үндемей тосырайып.

Манаш Қозыбаев:

Беу, ағайын! Тыңдаңыз!
Қолға алайын билікті,
Қыздырайын тірлікті,
Тамаша сөйлеп жатыр-ау,
Бір мықтыдан бір мықты.
Кенесарым — дегенге,
Маған да бүгін шыр бітті.
Мен де бойлап тереңге,
Шығайын жаңа белеңге.
Қара сөзді қайтейін,
Жол берем бүгін өлеңге.
Тарихшымен ойнама,
Ұқсаймын үздік жорғаға.
«Бұрқылдатып» бір өтем,
Кене хан болсам тойда да.

* * *

Ер еді біздің Манаш Қабашұлы,
Болды нық әділеттің жанашыры.
Сіреskен сібер емес,
ең ғажайып,
Мінездің бітті оған бар асылы.

Әзілқой жүйрік еді нөсер сөзге,
Арқалы айтқыр болды өресі өзге.
Сөйлесе ақын да еді, ғалым да еді,
Көсем боп, ой салатын көрер көзге.

Тасыр мен талапсызға ермеді де,
Шығандап өрге құлаш сермеді де
Қазанат маза таппай
Желе, жортты,
Ешбір мән кей тықырға бермеді де.

Асыл зат кендей еді қоймадағы,
Көрінді өрге тартса зор қадамы.
Құдайдың Манаш үшін бір бергені,
Данамын, дарамын деп ойламады.

2002 жыл

БИ-АҒАМА ТЫҢ ХАБАР

Би-аға!
Әзіл сөзің жалт қаратты,
Тың хабар сөз қозғайық ақ қанатты.
Шіркін-ай, сенің ащы шымшымаңды,
Кер заман дер кезінде аз таратты.

Баяғы, «Көк сиырың» бұзаулады,
Жал бітті «Қарагер» ат жүз аунады.
Бұл күнде
ауылнай жоқ «қой, шәй!» — дейтін;
Ботадай бозбаланы қыз аулады.

Тажалға ас болмайды арам бақыр,
Сен айтқан
дәлду бастық арамда тұр.
Мал мен төл не боларын құдай білсін.
«Бартер» мен айырбасқа тарап жатыр.

Салды елді жасқанбай-ақ талапайға,
Халыққа тиді тағы шала пайда.
Алақай салды шымқай шенді «дөкей»,
Тоқымсыз жайдақ мініп ала тайға.

Жалауы жылпостардың желбіреді,
Байыған бұзақыны ел біледі.
Төрт түлік қант пен шәйға құрбан болды,
Көп отар кең далада селдіреді.

Кеше гөр, тың хабарда көп сөйледім,
Келді ғой деп сөйлегім төкпей сөлін.
Сандалып жұмыс таппай жүргендер көп,
Тоздырып ең ақырғы көк көйлегін.

Азайды күрек ұстар айыршылар,
Оларсыз енді қайтып ауыл шыдар.
Орнына қаулап өсіп келе жатыр.
Жарысып коммерсант пен қайыршылар.

Қиындық әлі сынақ ете ме көп?!
Жатырмыз «азды», «көпті» жеке бөлеп.
Дыбыссыз сыбыстайды кей білгіштер,
Өндіріс жат қолында кете ме деп.

Дүрбелең қайта құрыс буын бастық,
Ескінің түбін шаптық бұрылмас қып.
Бұрынғы партия жоқ,
Көп партия
Буымен біразырақ шуылдастық.

Одаққа туды кеше заман ақыр,
Генсек те қашып шықты таза тақыр.
Қалғаны Жазушылар Одағы еді,
Ол дағы тәлтіректеп бара жатыр.

1994 жыл

ТОЙДАҒЫ ТАЛАС

Сұлу көрдім таңғажайып әдемі,
Қара көзден жарқ етеді жан емі.
Өз тойында Манаш өзі билеп жүр,
Былқыл-сылқыл естен кетпес мәнері.

Ажары аппақ,
Аққу мойын, Ай қабақ,
Билейді екен қос білекке байлап ап.
Шыдатпайды сілекейің шұбырып,
Бір сүюдің сәтін іздеп айлалап.

Таңғажайып еріндері, иегі,
Қыр мұрында сиқыр көп-ау киелі.
Екі бетте еренғайып шырын бар,
Манаш қайтсін,
Шыдай алмай сүйеді.

Қос алмасы төс жарып тұр бүлкілдеп,
Қаным қызды,
Тұр деймісің күлкім кеп.
Жақын барып тартып алдым Манаштан,
Өз тойың ғой
Маған бер — деп күңкілдеп.

16.11.2002.
Алматы

ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚ АРЫСЫ

(Манаш Қозыбаевқа)

Манашым-ай, қайран асыл Манашым,
Мінезіңе сүйсінуші ек жаны ашыр.
Шын ұлтжанды абзал едің ел сүйгіш,
Тарихымды қорғап тұрған дара шың.

Мен не дейін,
Сол дара шың құлады,
Жауыз ажал үнсіз, тілсіз сынады.
Естен тандық
Естіген жан қазасын,
Адам түгіл, қарт Алатау жылады.

Қажымас ер қазақтың нар күреңі,
Кеше ғана дүбірлетіп жүр еді.
Ойда жоқта ол бақиға аттанды,
Сырты бүтін, шыдай алмай жүрегі.

Көкірегінде ұялаған ұлы арман,
Ой тудырса шығаратын құмардан;
Қазақ елі айырылды шын арыс
Тарих шолғыш өрдегі сақ қыраннан.

Көзін жұмды ұлттың саңлақ ірісі,
Қапы қалдық кенет тоқтап тынысы.
Өтті Шоқан данамыздың жалғасы,
Байтұрсынов ағамыздың інісі.

Шалқып тұрды Манаш сенің дәуіріңе,
Атқарып ең шексіз жүктің ауырын.
Оқыс ажал ойда жоқта әкетті-ау,
Топырағың торқа болсын, бауырым.

05.03.2002.

Зұлым ажал,
Неткен тажал залым ең!
Қинайды екен оқыстығың бәрінен.
Жетпісінен жеті қадам аттатпай,
Манашты алдың,
Жылап қалды қалың ел.

Дүбірлеспіз,
бірге атқан таңым бар,
Құрдастармыз, көрген құтты шағым бар.
Қос дариядай бір теңізге құятын,
Қаулап жатты жүректе егіз ағындар.

Аз күн салып қатар өтті тойымыз,
Өлім емес,
Өрлеу еді ойымыз.
Енді тұрмын аң-таң қалып, көз сүртіп,
Сыңараяқ тартып қалды жолымыз.

Кездесті ме, іші тарын тіл-көзге,
Мін жоқ еді-ау,
Маңғаз ашық мінезде.
Бес томдығы жарық көріп жатқанда,
Оған жарық бітіп қалды лезде.

Қайсар туған
Қажымайтын текті еді,
Қатал тағдыр аз жеңілдік етпеді.

Күрт таусылды бұрқыраған қуаты,
Осы екен ғой сызыққа дәл жеткені.

Толғаныс көп
Табиғатта төзем дер,
Солқыл қақты Тобыл, Есіл өзендер.
Сарыарқаның самал желі сыңсыды,
Аңсап қалды ақ қайыңды кезеңдер.

Бұлт бүркеді Алатаудың төбесін,
Қар қозғалған
Ғаламатты көресің.
Қаңтардағы қатты аяз да басылды,
Байқағандай ауыр қаза өресін.

Көсем еді-ау,
Емін-еркін төгілген,
Шешен еді-ау ақыл, ойды тең ілген.
Ағып түсті шаңқай түсте бір жұлдыз,
Айдай аппақ бұлт баспаған көгімнен.

Жыламашы, құрдас жеңгем, Сарашым,
Жас ұрпағың жазсын көкірек жарасын.
Саған еріп,
барша қазақ қайғырды,
Бет сипады бүкіл Алты Алашым.

Жетпісінде
Жаңа желіс басталып,
Шырайлы өңі
Кетіп еді жастанып.
Тарихшылар
Абылай ханы мерт болды,
Дауластырмай жүрген бәрін басқарып.

Шығарсақ та
Қаза шеккен азалы үн,
Мен Манашты
Өлді — деуден тазамын.
Көз жұмған соң жаңа өмірі басталды,
Ол қасында мәңгі бірге, қазағым.

Шәкірті мол,
Достары көп халқымда,
Ел сыйлайды таза дәстүр, салтын да.
Оны өлді деп
атамайды еш адам,
Тарих деген қорғаны бар артында.

Ол құлшынды
Күйі жеткен тарланша,
Аптықпады заңғар шыңға барғанша.
Оны өлді деп
Айта алмайды еш адам,
Заман ақыр бар қазақты алғанша.

05.03.2002.

АСТАҒЫ СӨЗ ТАСҚЫНЫ

(Сара Қабаш келініне)

Манашқа белгі орнатып, мәніс біліп,
Ас берді құрдас жеңгем келістіріп.
Сөйледі ас соңында
Ойлы, зерлі,
Кей кезде дәл Манаштай келістіріп.

Тебірентті кейде аса терең кетіп,
Жан сырын төкті көпті елеңдетіп.
Қол ұшын берген жанға
алғыс айтты,
Манашша кейде еркін өлеңдетіп.

Періште құлағына шалынсын деп,
Құрани сөздің төкті нәрлісін дәп.
Сәулетші, жобашы мен құрылысшыға,
Арнады әз әулеттің алғысын көп.

Көтерді Сара көпшіл сәнімізді,
Толқыды, жасаурады, жаны қызды.
Манашша
Маңыз беріп әр кісіге,
Тебірентті арнайы атап бәрімізді.

Сөйледі кейде заңғар ғұламаша,
Жүйріктей кетті бірде қырдан аса.
Пай, пай, пай! Осындай сөз таппас еді-ау
Жүрегі дәл Манаштай жырламаса.

Кім көрген мұнша шешен айтқышыңды,
Әр сөзін асыл құстай сәтті ұшырды.
«Аузына Манаш ағам түкірген ғой» —
Деп сонда Кенжеғали дәл түсірді.

26.10.2002.

* * *

Ақын жүрек сағыншақ
Маза бермес,
Мехнаты да рахат азап емес.
Ауылды аңсау сәттері оралғанда,
Ұйқы түгіл дәл келген қаза жеңбес.

Кейде алдымнан қызыл жел
Сағым кернеп,
Қызықтырып шабытшыл ағын келмек.
Осындайда төгілген
сәтті өлеңім,
Тірлігіме тұрақты мазмұн бермек.

Дәріс айтты дей көрме дүйім жұртқа,
Байтақ елге сүйендік, сиындық та.
Келеді екен өмірде өз жолымен,
Үлкен қызық, ең үлкен қиындық та.

Қиналғанда ойсырап күйінбедім,
Байқап тұрды сыртымнан дүйім елім.
Қуанышта қызбалық жасамадым,
Бақыт екен сезу ел сүйінгенін.

2006 жыл

САЛТ ҚАМШЫ

Салт қамшының сыры жатыр алыста,
Ол құс қанат алып ұшар жарыста.
«Қыз қусаң да» қамшы үйіртіп жетіп бар,
Бәсекеде қыздырады намысқа.

Сұлу қамшы айтқызады жан сырын,
Құлшындырар қамшысы да жақсының.
Дос-жараның ұмытпайды ешқашан,
Қиналғанда ұшын берсең қамшының.

Сан сайыста топтан оздық, жеңдік те,
Алшаң бастық қамшымызға сендік те.
Салт қамшыңды үйіріп қал дер кезде,
Сонда жайнар серілік те, ерлік те.

Бір сілтеп қал Манаш досың айтқандай:
Бұрқылдат та, дүрілдетші жасқанбай!
Қазақ үшін қуанышта не жетсін,
Атың озып, аламан бәйге қаққандай.

Заула, заула құйындат,
Шаңға орап кет, бұрын тарт!
Бас қамшыға, екпіндет,
Оза шауып еркін жет!
Бір серпіліп қалады ел,
Бас жүлдеңді ала бер.

07.09.2002.
Алматы

САРАНЫҢ ЕСЕНГЕЛДІГЕ АЙТҚАНЫ

Тамаша ғой жеңгелері Алаштың,
Келіп тұрар періштедей санасқың.
Есенгелді оралғанда Қытайдан,
Тілек айтты бәйбішесі Манаштың:

— Манаш сені шын жүректен сыйлайтын,
Мадақтайтын бұзбайды деп бір қалпын.
Ардақтайтын жөн білетін асыл деп,
Не десең де «Ес-аға» — деп тыңдайтын.

«Ес-аға» — деп емес мәнсіп жүргені,
Ол — ағаңның кісі сыйлай білгені.
Бәйекең бастап,
«Ес-аға» — десе бар ағаң,
Ол — бәрінің саған құрмет үйгені.

Жас болсаң да,
Бас болдың сен халыққа,
Аттай міндің бүгін асау нарыққа.
Іске — мығым, сөзге — берік
қайсарсың,
Әділет жүгін алып шығар жарыққа.

Сырқатыңды естігенде өкіндім,
Саулық тілеп,
Жаратқанға өтіндім.
Сәт жолығып,

Қайта туып отырсың,
Қатарға еріп, сапқа тұрып бекіндің.

Дәрігерлерге
Мың, мың алғыс айта алам,
Күләшің де болды нағыз майтабан.
Қалсын кесел ем қондырған Қытайда,
Таможняға айт:
Жібермесін қайтадан.

25.10.2002.
Алматы

КӨРІҢІЗ ҚАНЫШ АҒА АЛҒЫСЫНДАЙ

(Қасымбек Бухметовке)

Есімін күнге теліп, қосқан Айға,
Дән разы
Қаныш аға Қостанайға.
Жүз жылдық тойын сәтті өткізгенде,
Болдыңыз үлгі, нұсқа сіз талайға.

Сәуірді дәуірлеттің шуақ қуып,
Өткіздің тойды сәтті ұзақ қылып.
Қуанып асау Тобыл толқып жатты,
Толқыны көкке салют ұзаттырып.

Нарықтық қарамай-ақ қаталына,
Күш қостың ұлы тойдың қатарына.
Рудный есіміне көше беріп,
Дананың ғұмыр қосты атағына.

Қостанай қос айғайлап батыл үнге,
Ағаның орадыңдар атын гүлге.
Белгілеп қосымша пұл шәкірттерге
Көрсетті зор білгендік әкімің де.

Құдайым бөлей берсін бақ пен таққа,
Оранды оң хабардан көңіл шатқа.
Қостанай Қаныш тойын жақсы өткізді,
Алғыс айт әкім інім Өмірзаққа.

Бай өлке шарықтай бер нар құсындай,
Іниден зор марапат ал қысылмай.
Бұл менің жалғыз айтқан сөзім емес,
Көрерсіз Қаныш аға алғысындай.

2000 жыл

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ҚАЙДА ЖАТЫР ЕКЕН

Айтқызбас жан азасын ойым бекер,
Бір күнде ас пен мерей тойы да өтер.
«Гәккуін» Күләш шырқап, әлем білген,
Үкілі-Ыбырай қайда қойылды екен?

Еленделп Жалғызтаудай кербез мекен,
Келер деп болды жылдар сенген бекер.
Құс салып Сексенкөлді дабылдатқан,
Үкілі Ыбырай қайда жерленді екен?

Ардақтап атамаймын атын бекер,
Жетпісте жолбарыстай батыл екен.
Атылған ел қырылған аштықты айтып,
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?

12.02.2002.

МӘҢГІЛІККЕ АТТАНДЫ

Туған елге сыйлы болған жасынан,
Ақынжанды шабыт селі тасыған.
Тарлан еді бұл жалғанда біртуар,
Дана перзент бақыт кетпес басынан.

Арыс тұлға мұрасы мол еселі,
Қатар жүрген қасымызда кешегі,
Академик Манаш озды өмірден,
Қазағымның тарихшылар көсемі.

Астамшылық кертартпаға түңілді,
Білгір көзбен ақиқатқа үңілді.
Егемен ел жасап кетті тарихын,
Жалғастырып өткен күн мен бүгінді.

Бергені де, берері де мол еді,
Маңызды еді, сөз болып па көлемі.
Бұзып өтер қалың қатпар құрсауды,
Тарлан тарих мұзжарғышы сол еді.

Заманалар талай сырын ақтарды,
Өшпес белгі мәңгілікке хат қалды.
Рухы жүр қасымызда Манаштың,
Ол өлген жоқ, мәңгілікке аттанды.

ТҮРКІСТАНДЫҚ БИІКТЕН

(Мұхтар Құл-Мұхаммедке)

Түркістанға оң сапарды құптадым,
Абылай ханға тағзым ету ұққаным.
Алатаудан шыққан көштің алдында,
Алатудай алға тарттың Мұхтарым.

Қайсарлығың жүректі кең ашқаның,
Ел еңсесін бір көтеріп тастадың.
Айқындалып ұлы ханның мәйіті,
Қайта жерлеу парыз жолын бастадың.

Байқап тұрсақ, соның бәрі тегін бе?!
Тарқап кетті сағым-қиял шерім де.
Неге? — десең,
Рухани ел төрі,
Абылай ханның ұйықтап жатқан жерінде.

Елбасы жүр барлық істің басында,
Ол ғибрат жетер талай ғасырға.
Ұлы ханның ұрпақтары атынан,
Шотаның тұр қолтаңбасы тасында.

Ерен еңбек негіз тапты пайымды,
Жарқын бейне, айқын сурет жайылды.
Зерттеушілер барлығына мың алғыс,
Ерекше айтам Оразақ пен Сайымды.

Ақ арулап, діни рәсім жасасақ,
Атан шалып, тастан табыт қашасақ;
Жөн болады
суретші Мәжиттің,
Шын бауырмал аты-жөнін атасақ.

Ата салты, дін мұсылман ғұрпымен,
Белгі орнатсақ зерлеп мәрмәр, құлпымен.
Отан-Ана ақ тілегін ақтадық,
Шоқан бабам, ақын Мағжан рухымен.

Мұхтар, сенің
иманжүзді нұрың бай,
Өжеттігің Махамбет пен Сырымдай.
Ар-намыстың арқасында көріндің,
Абылай ханның әруақ қонған ұлындай.

Қалталы дер мен аулақпын үгіттен,
Арқалысың жомарт жаның сүйсінткен.
Абылай ханның әруағы көтеріп,
Қанат қақтың Түркістандық биіктен.

17.03.2000.
Түркістан

ЕСЕНГЕЛДІ
БІР ҚАТЕРДЕН ӨТКЕНДЕ

Ақынның бары да өлең, жоғы да өлең,
Сый тартар шабыт жөнді жолыменен.
Аға, іні, қымбатты дос қиналғанда
Отырам жүрегімнен жонып өлең.

Мен үшін ерекшесің Есен інім,
Шығады сен дегенде еселі үнім.
Алладан тілей бердік,
Үрейлендік,
Қуандық қатер өтті десе бүгін.

Қайтадан игере бер тың асуды,
Жалықпан аға болып сыр ашуды.
Бірер ай қиқарлықты тыя тұрып,
Тыңдай бер лям-им демей Күләшіңді.

Ту тіккен Мағжан аға ілегіне,
Жігітсің шабыт қонған жүрегіңе!
Есен-ау,
Бар сырқатты сырып таста,
Оранып ел-жұртының тілегіне!

25.10.2002.
Алматы

ҚАПЫДА КЕТТІҢ ӨМІРДЕН

(Сәкен Жүнісовке)

Тірі жұлдыз сөнді бүгін,
Жарқылын шашқан жан-жаққа.
Шықты Астана сүйікті ұлын,
Шығарып жолға салмаққа.

Көз жұмды өнер пырағы,
Қазақтың ғажап дүлділі.
Самғауық қыран құлады,
Сайрауық бұлбұл тынды үні.

Шаршы топ тұрар бас иіп,
Сол еді-ау жігіт озығы.
Заңғарға жетті ең биік,
Сөз гүлін төгіп өз үні.

Сағымнан шықса жалындап,
«Жапандағы жалғыз үй».
«Ақан Сері» ағындап,
Мәңгі өлмес Сәкен алды сый.

Тұлпар десең, тұлпар сол,
Бәйге жоқ оны қарсы алмас.
Ән күйге ынтық, іңкәр сол,
Алдына тірі жан салмас.

Сәкен Сері ән салса,
Жарқ етті жүрек шырағы.

Сексен көл толқып тамсанса,
Қосылды аққу сыңары.

Серілік өнер тоғысты,
Сергітіп дала жарысы.
Таңдантты қазақ, орысты,
Абайшыл асқақ дауысы.

Құлагер мұңын қозғаған,
Шұрқырап шықты құлындай.
Болса да Ақан өз бабам,
Жалғасты Сәкен ұлындай.

Таппады тыныс бір ауық,
Әр саққа терең бойлады.
Сұм жалған тосқан шырмауық,
Шырматпай оны қоймады.

Өксікті тұрсам жоя алмай,
Кетпессің бауырым көңілден.
Ұйқыда жатып оянбай,
Қапыда кеттің өмірден.

2006 жыл
Астана

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ АСЫЛЫ

Сәбит, Ғабит, Ғабидендей алыптар,
Қазағымның сөз кестесін анықтар.
«Жұмбақ жалау», «Қарағанды», «Ұлпандар»
Жер-жаһанда мәңгі бақи шарықтар.

Қайырмасы:

Сәбит, Ғабит, Ғабиден —
Жанға намыс, ар үйген.
Қазақтың үш асылы.
Қатарласқан қостары,
Мұхтар аға достары
Жайлаған бір ғасыры.

Сәбит десең Есіл, Көкше желі есер,
Ғабит десең ғашық бейне кеңесер.
Ғабиден мен Қарағанды егіздей,
Бәрінен де дана қазақ елестер.

Қайырмасы.

Үш теңізім, үш дария, үш тауым,
Басылмайтын үш бұрқасын, үш дауыл.
Ата-баба аруағы қолдаған,
Үш жайлауым, үш ардақты қыстауым.

Қайырмасы.

10.03.2002.

АСЫЛ ТҰЛҒА БАҚЫЛ БОЛ

(Өмірзақ Сұлтанғазинге)

Өтті өмірден қазақтың шын арысы,
Ғұлама ғалым елге айғақ әр ісі.
Жүдеп қалды-ау
Сол мезетте қазақтың,
Ғарыштану мәресінде жарысы.

Асылды алу сұм ажалдың соқпағы,
Айту қиын...
Үлкен жүрек тоқтады.
Қарт Алатау қарлы шыңы теңселді,
Ардақты ұлын Тобыл сыңсып жоқтады.

Ұлттық тұлға
Әлем білген көшелі,
Ол бар жерде ұтты елдің есебі.
Бәйге өрінде Құлагердей мерт болды,
Ғарышкерлер ақылға бай көсемі.

Үлгі еді ғой, Өмірзақ сенің атың сол,
Саңлақ едің жер бетінде даңқың мол.
Қаныш аға нық қазығы деп сүйдік,
Таң қалдырса өрге ұмтылған даңғыл жол.

Қайда жүрсең жіті көңіл бөлуші ем,
Алға тарттың ағалықтың төрін сен.
Бар қазаққа көрік берген кемеңгер,
Ахмет аға інісіндей көруші ем.

Жүректі едің,
Әр қадамың тың дастан,
Жоқ деуге де сені бүгін қимас жан.
Топырағың торқа болсын нар інім,
Ұрпағыңа ашық болсын нұрлы аспан.

Ұлтжандылық таңдайыңда татым мол,
Нағыз қазақ болып өттің атың зор.
Ойда жоқта құлап қалды-ау бір тауым,
Елің бақыл, асыл тұлға бақыл бол.

24.05.2005.
Астана

ҒАРЫШ ТІЛІН МЕҢГЕРГЕН

(Өмірзақ Сұлтанғазинге)

Өмірзақты осы жұрт біле ме екен,
Сұрақ емес,
Шабытшыл тілек етем.
Қулығы жоқ жан еді іске берік,
Қиындықта туған ел тірек етер.

Жақсылыққа жалғасып бұрын жүрген,
Озық еді,
Шаң жұқпас құлын күннен.
Қаныш аға Жер-Ана кілтін тапса,
Өмірзақ қой ғарыштың тілін білген.

Курчатов пен Королев асыл ғасыр,
Бетін ашса....
Гагарин — таусылмас жыр.
Ал бүгін де Өмірзақ
тап солардың,
Қазақстан атынан қасында тұр.

Жүрегіме жүгінтсем айтарымды,
Қазақты да аспанда Ай сағынды.
Тоқтар, Талғат ғарышқа ұшып шықса,
Жерде Өмірзақ көмегі байқалынды.

Ашық айтсам,
Кең дала үні еседі,
Тобыл толқып, Сырдария ілеседі,

Ел де, жер де, аспан да мойындаған,
Байқоңырдың киелі иесі еді.

Терең зерттеп, тетікті ерте білді,
Асыл ойын айқындап шерте білді.
Тәуелсіз ел қорғаса Байқоңырын,
Өмірзақты Елбасы ерте жүрді.

Өр қиялы ғарышты қарыштаған,
Математик, сан қыры таңыс маған.
Талай жылдар Қаныштың орнын басып,
Бой көрсеткен Өмірзақ — аңыз адам.

Жүзі жылы....
Нәр алған нұрлы күннен.
Кәрі-жастың жан еді сырын бiлген.
Қобыландыдай нар еді-ау
қос жанары,
Жарқ еткенде сұлуды сүріндірген.

Махабатшыл келмей ме қайран адам,
Райхан деп құс болмай сайрамаған
Жерде балқып жүргенде
Өмірзақты,
Мың, мың жұлдыз аспаннан аймалаған.

Болған жоқ қой ешқашан қамсыз басым,
Алматыда сол еді-ау зор сырласым.
Аралды айтып, апатты сөз еткенде,
Көз алдымда жататын толқып ғасыр.

Әлем білген есімін ашық дарын,
Адамзатқа жеткізді тасып барын.
Ол ғылымға берілді жан-тәнімен,
Өліп-өшіп сүйгендей ғашық жарын.

Быт-шыт ғылым ордасы қалған өрлеп,
Құрып жатты-ау әр жерде «шайтан-өрнек».
Жүрді Өмірзақ ғарышқа қарай түсіп,
Дерт шыдатпай жүрегін алған кернеп.

Құлап кетті-ау
Тым ерте нар бәйтерек,
Жер мен көктің бар сырын білген зерек,
Ұлы тұлға сол еді арамызда,
Сыр білдірмей сыпайы жүрген ерек.

Жақсы інісін ардақтар ағадай кім,
Сағынғанда Есілді жағалаймын.
Қазақтың ғарыштану атасы деп,
Өмірзақты мен, достар, бағалаймын.

12.05.2006.
Астана

БОСАТЫП ЖІБЕР ҚҰР АТТЫ

Тұтатып жібер шырақты,
Шошытпа дүлдүл пырақты.
Сыпырып таста тұзақты,
Жақынға тартсын ұзақты.
Теректі дауыл құлатты,
Сенсіз де тағдыр сынатты,
Арманына бір жетсін,
Босатып жібер құр атты.

Жайнасын жазы шуақты,
Жұлдызы жансын тұрақты.
Бір ғажапқа құмартты,
Бастады асыл мұратты.
Жайласын жасыл құрақты,
Шайқалтсын балғын бұлақты,
Тірлікте көрсін бостандық,
Босатып жібер құр атты.

2003 жыл

ЕСЕН БОЛ, АСҚАРЫМ

(Асқар Хасеновке)

Көкшенің нұрлы аспанын,
Көтеріп қадам бастадың.
Көз тиді-ау, шіркін,
Қос ұлды,
Аз күнде беріп қақсадың,
Айбынды інім, Асқарым.

Жоқ еді асып-тасқаның,
Қиындық көрсең, саспадың.
Көз тиді-ау
дұшпан қиядан,
Ісіңнің көріп асқанын,
Арқалы інім Асқарым.

Азалы мезет қас қағым,
Дәл келді-ау ажал аш залым.
Көз тиді-ау, шіркін,
Тез сөнді
Лапылдап тұрған қос жалын.
Қос ұлың кетті-ау, Асқарым.

Көңілдің назын ашқаным,
Қайғыңды осы басқаным,
Көз тиді-ау, шіркін,
Қос ұлың,
Кескендей жолын басқаның,
Есен бол, өзің Асқарым.

06.11.2001.

ЖАРҚЫН ЖҰЛДЫЗДАР

Жарқын жұлдыздар шапағат сепкендей,
Қараймын өкініш ағыны шектелмей.
Сарыарқа төрінде,
Көк Есіл өрінде,
Жарқ етті Мағжан қол сілтеп өткендей.

Қайырмасы:

Түнде де күндіз бар,
Баққандай шың, құздар.
Көңілде сөнбейсің,
Көгімде өрлейсің,
Жарқын жұлдыздар.

Жарқын жұлдыздар — аспанның жанары,
Асыл ер мерт болса, бір жұлдыз жанады.
Жетісу төрінде,
Алатау өрінде,
Жұлдыз боп Ілияс жарқырап барады.

Қайырмасы.

Жарқын жұлдыздар — көшіне толды көк,
Ақсұңқар Сәкен де төрлі боп, шерлі боп,
Атқан таң толғанды
Ай толқып ойланды,
Аяулы жұлдыздар тым ерте сөнді деп.

Қайырмасы.

29.10.2001.

* * *

Атқан таң — тұңғыш құштарлық,
Балдырған күнде байқаған.
Қызығы соған ұқсарлық
Оралды мезет қайтадан.

Кездеспей жүрген жасымда,
Жан еді сұлу ерекше.
Ұмсынды жүрек асылға,
Сол ғана маған керекше.

Ынтық зар маусым орнаса,
Ләззаты масаң етпей ме?
Тілсіз тіл үнсіз қолдаса,
Құлпырып көңіл кетпей ме?!

Жетуге саған талпынар,
Аққудай көлде желпініп.
Қос жанары жарқырар,
Шырайы жанып серпіліп.

Құштар боп адал сенгені-ай,
Еленděп, елтіп ағалап.
Құдайдың сыйлап бергені-ай,
Бүлдіршін, балғын ғаламат.

Шуақты сәуле нұрлы азық,
Қызуын мәңгі сақтамақ.
Жасасын! — Мөлдір, шын нәзік,
Батқан күн — соңғы махаббат.

2002 жыл

ТЕБІРЕНІС

(Қайыргелді Құрмановқа)

Құлагердің көз салғандай шаңына
Ақан Сері құлақ түрсем зарына,
Ары таза, қаны қызу
тебірендім,
Жер бетінде бір қазақтың барына.

Алау қосқан азаттықтың таңына,
Өңкей саңлақ жалау тіккен маңына.
Абылайдың әруағы
дарыған,
Шын сүйсіндім адал қазақ барына.

Мейлі, таны,
Мейлің, оны таныма,
Ұлтын сүю айналыпты заңына.
Ұлт дәстүрін ұран еткен
шаттандым,
Ұлағатты нар қазақтың барына.

Келген кезде жетпіс деген шағыма,
Жыр төгілсе тау суындай ағыла.
Бурабайды ұстап тұрған
бұлқынтпай,
Толқып кеттім шын азамат барына.

06.11.2001.
Алматы — Көкшетау

ЕРКІНДІК

Ақ бұлақ шеті тың құрақ,
Өзенге қарай өрлейтін.
Күмістей ашық сыңғырлап,
Бал кәусар үні сөнбейтін.

Кейде ол үнсіз жатады,
Ішінде жасыл құрақтың.
Рахатқа шексіз батады,
Ашқандар көзін бұлақтың.

Құпия қызық дем берген,
Жүрердей таңсық жыр етіп;
Тіршілік шықты сол жерден,
Ашқанда көзін шыр етіп.

Жабылып қалған бұлақтың,
Не жетсін көзін ашқанға.
Кетті ғой кернеп құлақты үн,
Бал кәусар күміс шашқанда.

Сылқылдап ақса сарқырап,
Ойы жоқ баяу іркілмек.
Ақ маңдайы жарқырап,
Ақ бұлақ жатты бүлкілдеп.

Күміс кәусар аптыққан,
Бүлкіл қақса серпіліп.
Құшыры қанған шаттықтан,
Қайнарға бітті еркіндік.

2005 жыл

• • •

Қалай ғана мен тыныш ұйықтаймын,
Кейде толқып кетеді тұнық қайғым.
«Біздің үйге келіп кет» — деп шақырған,
Көрші қыздың сыбырын ұмытпаймын.

Бала едік қой сынау жоқ талапкерді,
Беттен сүйіп көзге көз тақап көрді.
Мен білмейтін құпия сырын айтып,
Махабаттан алғашқы сабақ берді.

Жарты ғасыр өтсе де ескере ме,
Құштар сезім салмасын еске неге.
Кеше көрсем, қалыпты кемпір болып,
Шөберелері бұрылтпас ештеңеге.

Ұқсас еді-ау, аққуға, тотыға да,
Жанарыны қалыпты оты ғана.

1995 жыл
Алматы

* * *

Жүрекке жүлде байлатқан,
Балдырған ғашық ақ гүлсің.
Түндері күндей жайнатқан,
Айдынға қонған аққусың.

Абайла сырын жақынның,
Өзіңе тура келеді:
Мұқағали ақынның,
«Бала-ғашық» — дегені.

Демессің алжып кеткен бе,
Есімнен неге жаңылам?
Жетпістен асып кетсем де,
Әлі де сені сағынам.

09.06.2002.

МАНАШТЫҢ ЕСКЕРТКІШІН КӨРГЕНДЕ

Манаштың жатқан жері «Кең-Сайдағы»,
Бұйырған осы бақи кең жайлауы.
Басында сәнді ескерткіш көрген сәтте,
Төгіліп дос жүректің кетті арнауы.

Ескерткіш қалдырды зор әсерлі ұғым,
Таппайсың әр қима тас бәсең жүгін.
Көрген жан көкірегіне орап кетті,
Манаштың нұр жүзіндей әсемдігін.

Абайдың өлеңіндей жатықтығы,
Манашқа тұр ғой жылы тартып түрі.
Сұрғылт тас тірі жандай тілдеседі,
Бұйырған тіршілікте бақыт шыңы.

Зор тұлға, мол мұрасын ұмытпасқа,
Орнаған асыл белгі ғұрпы басқа.
Қос тамшы екі көзден ыршып шықты,
Көргенде өлеңімді құлпытаста.

Ойыма еренғайып ілдіріп сыр,
Сағыныш жүрек шетін тілдіріп тұр.
Мөп-мөлдір ұлтжандылық от сезімін,
Тас екеш, тас та, шіркін, білдіріп тұр.

25.10.2002.

ҚЫРЫҚ КҮН ӨТТІ

(Есенгелді Мұқыжановқа)

Барады өмір ағындап,
Оралып артқа қарамай.
Қайғы да кетті қалыңдап,
Әр күнді болмас санамай.
Қатал ғой тағдыр темірден
Жабылды тар жол өткелі.
Қазанат іске жегілген,
Пайғамбар жасына жетпеді.
Көз жасы көл боп төгілген,
Ағын сел жәрдем етпеді.
Қырық күн өтті өмірден,
Бауырым Есен өткелі.

Қоймайды жүрек айтқызбай,
Көкіректе берік сақталды.
Әшірбек пен Қасқырбай,
Соңынан Есен аттанды.
Жарық күн оған дем берді,
Асау шақ сәтін сағынды.
Пекинде де емделді,
Питерге де табынды.
Жорықта тыныс білмеген,
Жолбарыс жолын шектеді.
Қырық күн өтті дүниеден,
Нар тұлға Есен өткелі.

Қай пенде мәңгі көз ілмес,
Жазмышқа болмыс көнеміз.
Атағын, даңқын өшірмес,
Есімін сақтап береміз.
Бөліскен қайғы зар тұтып,
Бар қазақ қатар келеміз.
Шаңырағын ұстар шалқытып,
Күләшқа ел-жұрт сенеміз.
Бүгінгі қырық күн мәні:
Рухани жолын жалғаймыз,
Болсын деп серік иманы,
Ас беріп, бата арнаймыз.

28.07.2006.
Алматы

ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАЛАЛАРЫ

Жердің асыл ғажайып бар төресі,
Оны көрсең, гүлденер жан белесі.
Ең алғашқы астана болған қала,
Төрткүл биік бұл елдің нар төбесі.

Бүгін толы келер күн бастамасы,
Нүкіс көркем — қазіргі астанасы.
Шымбай сыйлы көне көз қарт секілді,
Қарақалпақ ұлтының бас қаласы.

Қоңыраттан елестер ерлік қана,
Маңғыт жатыр суы мол белдікті ала.
— Алла, — десең Қожелі бой көрсетер,
— Елім, — десең жарқ етер Еллікқала.

Тақтакөпір, Қараөзек, белестерің,
Шоманай да бөтенім емес менің.
Қарақалпақ бірлескен Қазақ, Өзбек,
Жарасады бір тілде кеңескенің.

Аралды іздеп адасқан ақ інгендей,
Мойнақты айтсам, мұңаям бабым келмей.
Селк етемін қалқайып қаңсып қалған,
Құм ішінде кемелер көрінгендей.

Көнетозы, ескісі, жаңалары —
Бәрі ыстық көрінер маған әлі.
Мен сендерге шын бақыт тілеп өтем,
Қарақалпақ, жайнай бер қалалары!

1995 жыл

МЕНІҢ БАТАМ

Бисмилла деген нұр бата,
Құраннан шыққан дүр бата.
Өткендер жетсін жәннатқа,
Тіріні жебеп жүр бата.
Шатасқан сақта төреден,
Адасқан сақта жебеден.
Бастықтан сақта көрсоқыр,
Халықтың қамын жемеген.

Ініден сақта ермеген,
Ағадан сақта сенбеген.
Ағайыннан аулақ қыл,
Қысылсаң қолын бермеген.
Сақта құнсыз теңгеден,
Қайырымсыз, қатал жеңгеден.
Қара нанды қақ бөліп,
Кешейік тағдыр елменен.

Қанатты ерте майырма,
Тірідей достан айырма.
Сыйластық бер құдалар,
Нағашы, жиен, қайынға.
Шіріген сақта балықтан,
Бүлінген сақта нарықтан.
Тарығар таңды аулақ бол,
Соғыстан елім зарыққан.

Көшең толсын астыққа,
Көңілің толсын бақ, құтқа.

Күтімді болып өмірің,
Соқтырмасын аштыққа.
Ұлы іске бергіз ұлағат,
Бірлессін барлық жұрағат.
Үкімет болсын ұтымды,
Ешқашан баспас бір ағат.
Бисмилла деген зор бата,
Берері қолда мол бата.
Баласына қазақтың,
Әрқашан қорған бол бата.
Ішкі даудан сақтасын,
Сыртқы жаудан сақтасын.
Жақсылық бастан кетпесін.
Жамандық қуып жетпесін.

19.03.2001.
Алматы

АҒАЛАРДЫҢ АЛҒЫСЫ МЕН ТІЛЕГІ

(Қуат Есімхановқа)

Құтты болсын елу жас, Қуат інім,
Тірліктегі бұл ғажап бұла күнің.
Аяз да мол, алтын күн жарқырап тұр,
Білгендей-ақ зор думан туатынын.

Ел разы.
Баршаның бабын таптың,
Күннен күнге шабысты қарқындаттың.
Өрге тартқан Елбасы жолыменен,
Түзу жүріп атыңды айқындаттың.

Сусындатсам жыр төгіп жарқын төрді,
Арқау етер арнайы таптым белгі.
Сәбит, Ғабит тойларын түрлендірсең,
Даналардың алғысын айтқым келді.

Алыптардың жол ашқан кең іздері,
Кемедейсің тайпалған теңіздегі.
Мағжан ағам жұмақта жебеп жатыр,
Шал ақын мен қосылып Сегіз сері.

Ұлттық мүдде жолында мол табысың,
Содан туды толағай толғанысым.
Даналардың атынан алғыс айтам,
Ақынжанды жүрегің болғаны үшін.

Қимылың пәс, емессің ұзақ пішер,
Жүрген жерге нұрлысың шуақ түсер.
Жігіттіктің
Сал, Сері, сұлтанысың,
Көрген сұлу алдыңа құлап түсер.

Елу нағыз адамның асыл шағы,
Шаңырағыңа орнасын ғасыр бағы.
Тоқал іздеп,
Сен бірақ, томпаңдама,
Бақытжанмен жүзге жет қасыңдағы.

Сын сағаттар аз емес нарды сынар,
Сәт көбейсін бақытты таңды ұсынар,
Ердің жасы елуің құтты болсын.
Ағалардың ақ тілек, алғысын ал!

21.12.2002.
Алматы

КҮЙ ТАРТАМЫН

Күй тартамын таңертең,
Тыңдай қалшы, жан еркем!
Толқып, толқып құшағыңа қайтамын.
Күй тартамын іңірде,
Күйді жаным бүгін де
Көргенімді саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,
Жанған оттың ішінде,
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.
Күй тартамын кештетіп,
Күйді көкірек ес кетіп
Қайда ғана бара жатыр сұм жалған.

Күй тартамын оңаша
Қалың тұман ораса,
Ауылдардың абайладым тозғанын.
Күй тартамын өрімтал
Күйді жүрек сезімтал,
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Күй тартамын ертемен
Тарқамады шер-шемен
Қырда көрдім талапайшыл түлкіні.
Күй тартамын қанша күн
Тарта, тарта шаршадым,
Қоңыр күмбір бұзып кетті ұйқыны.

7-167

2000 жыл

МАНАШТЫ ОҚЫ

Беу, қазақтар, қойыңдар көп таласты,
Бет тырнасу кімге, қашан жарасты.
Кім екенін Шыңғыс ханның білмекке,
Тереңірек оқу керек Манашты.

Ол — тарихшы әділетті, ең бапты,
Елдің мұңы, оған қалың шер батты.
Үңілейік жазғанына Манаштың,
Айқындауға алабүлік Ермақты.

Озбырлықтың оған зілі бататын,
Шырмауықта білгір басы қататын.
Манашты оқы
білгің келсе дұрыстап,
Отыз екінші жылдың аштық апатын.

Байрағы еді, барлаушысы оң істің,
Білді сырын қытайдың да, орыстың.
Манашты оқы
тереңірек білуге,
Зар-зардабын қан шеңгелді соғыстың.

Көзі күліп,
Кеңдеу ашып қабағын,
Бұрқыратты асау тарих сабағын.
Енді қайда барамыз? — деп ойлансақ,
Қозыбаев Манашты оқы, қарағым.

2002 жыл

ӨМІР СЫРЫ

1.

Уақыт емес, біздер өтіп барамыз,
Бәсекелес, қарбаласқа қараңыз.
Артта қалар өшпес белгі тастауға,
Адамшылық бір кірпішін қалаңыз.

Даналарға жұлдыз-шырақ жағамыз,
Көзі ашыққа үлгі-өнеге табамыз.
Жамандық пен жақсылықтың арасын,
Айқындауға жетсін ойлы санамыз.

Ұлыларды ұлы төрден табамыз,
Ақымақтан асылды ақтап аламыз.
Арасында құлқы тоймас құлардың,
Көкейіне көптің ісін саламыз.

Уақыт санап қалар тарих анамыз,
Беріледі ертең әділ бағаңыз.
Жол көрсетер адал, таза тірлікте,
Туған елдің тағдырына қараңыз.

2.

Тіршіліктің әр мезеті арпалыс,
Шындық жеңіп ұлғаяды бар табыс.
Сонысымен өмір қызық білгенге,
Айқастан соң жеңілдейді арқамыз.

Қолда достым, ой сәулесін қолдама,
Ел тұрмысы — өмір көркі сол ғана.
Жылдан жылға дербестігім бекінсін,
Жылдамырақ берекесі молдана.

Әр жаңа таң әкеліп тұр сан аңыз,
Беу, достарым! Сөгілмесін арамыз.
Сұлулық пен ақиқатты сыйлаймын,
Соларға еріп болашаққа барамыз.

31.07.2005

Астана

НАУРЫЗ ТОЙЫ

Сәлем бердім, бауырлар аграрлық!
Күн туыпты
Көрмесек сағынарлық.
Наурыз келсе,
Құты мол осы төрден,
Көктем сайын күш-қуат жалын алдық.

Жұмақ аула
Сәулелі нұр үйетін,
Кенжеғали келтірді-ау мың ретін:
Бәйекеңе төрдегі сәлем беріп,
Бибігүлдің бетінен бір сүйетін.

Қызғанғандай күледі Хайдар ағам,
Құрбыларым көбейді «қайдалаған».
Құдай оңдап,
бұл жолы мені іздесе,
Оларды да мен биге пайдаланам.

Ән естиміз,
бипылдақ би көреміз,
Егделікті ұмытып, түрленеміз.
Жап-жас қыздар жалаңаш билегенде,
Бір тіріліп, бәріміз бірге «өлеміз».

Жатық қимыл тамаша құрулары-ай!
Мойындарын дәл бізге бұрулары-ай!
Ауылымның қыздарын еске салды,
Шайтан алғыр,
ЖенПИ-дің сұлулары-ай!

Көңіл, шіркін,
Сондайда бұрады өрге,
Төл төгілер молырақ құба белге.
Ақ мол болсын!
Наурызға тілегім сол,
Жақсын байлық
Сөнбестей шырақ елге.

Әркім
елдің ахуалын саналасын,
Әкім ойлап кетпесін қара басын.
Әр күн сайын қуаныш көзі ашылып,
Жарқын өмір келбетін жаңаласын.

Бие сауып,
Мәз болсын жеңгелер де,
Өзге сусын қымызға тең келер ме?!
Не де болса,
Кенелсін молшылыққа,
Басшылар да, жабайы пенделер де.

Елім — деген, құрмет көп ерге біздің,
Сәт тілеймін нарыққа
Мен де қыздым,
Өлеңнің де төлемі туар деймін,
Тұрақталса тұғыры теңгеміздің.

Бұзықшылық, талапай тарамасын,
Алаяқтың азайтқыз арам асын.
Тентіреген жігіттер жұмыс тапсын,
Қайыршылар қамығып қарамасын.

Күн жылынды
Масайрап дала жатыр,
Бота боздап,
Құлын тай салады асыр.
Тәуелсіз ел ардақты он жылдығы,
Құтты болсын!
Әкелген жаңа ғасыр!

Екінші
бөлім

ТАРИХТЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ

(Манаш Қозыбаевқа)

1. Кіріспе

Айнадай жайнап іргеңде,
Жөн сілтер тірі жүргенде,
Өмірдің айқын ұстазы,
Тарих деген білгенге.
Қырағы көз қырандай,
Самғаса жігер жандырған;
Әр сөзі таза ұрандай,
Халқына мұра қалдырған,
Ғұлама ғалым Манаш та,
Шын ұстаз барша Алашқа.

Тәуелсіз таңда жол тапты,
Ел-жұртты тегіс қолдатты.
Тарихында қазақтың,
Өз мектебін орнатты.
Гераклге ұқсап еңбегі,
Атқорасын жуған Авгийдің,
Тарихты тазалап бергені
Манаштан қалған мәңгі үлгім.
Келгені сол ғой дәл ұққым
Тарланбозын тарихтың.

Паш ету үздік еренді,
Қозғатар түптеп тереңді.

Топжарған сәтім туғандай,
Құйғытып өтем мен енді.
Халқыма шықса жақсы аты,
Ет жақын адам ол маған.
Жаныма бірлес мақсаты.
Мүддесін ұлттың қорғаған.
Қанықты қазақ сөзіне,
Шындықты айтқан өзіне.

Деректен керек көз тізді
Жүректен зерек өткізді.
Ақылмен аршып тапқанын,
Ақиқатқа жеткізді.
Қырғыздың болса Манасы,
Данышпан Шоқан зерттеген,
Қазақтың бар ғой Манашы,
Манасша атын ерттеген.
Жүргендей кезі өте көп,
Шоқан мен Ахмет жетелеп.

Жылжыған биік көкке өрлей,
Жұлдыз сол қалар бір сөнбей.
Сағынып кетем кей, кейде,
Қостанай жақта жүргендей.
Бауырмал, көпшіл жәдігер,
Кең жүрек еді мейірбан:
Болмысқа болмас әбігер,
Биіктен нұры жайылған.
Бой жазды сансыз өнері,
Сонымен Манаш өрелі.

Алаштың ұлы ақтангер,
Құлагер еді «шаппай бер».
Жұмсарды батқан тас беріш,
Көкіректе көл боп жатқан шер.

Өткенге соқсам баяғы,
Жұт көрді қырғын аш елім,
Отыз бірдің ол тура аяғы,
Отыз екінің мен басы едім.
Ащылы жерде гүлдеппіз
Аштықтан қалған тірнекпіз.
Олпы да, солпы саналмай,
Алынбас өстік қамалдай.
Құрдастарым өңкей шарболат,
Шотаман, Шерхан, Камалдай.
Соғыс жылғы арық балалар,
Егін де ектік, шөп шаптық
Әкелер жоқта ағалар,
Кемпір, шал бастар көш таптық.
Емес-ау ноян бойлылар,
Құрдастарым — шымқай ойлылар.

Солармен Манаш қолдасты,
Әбіштей тапты жолдасты.
Сәбит пен Ғабит қолдаған,
Аяғын бірге оң басты.
Ісі көп асыл көптен де,
Таспалап берген тарихты.
Үңіле қарап өткенге,
Намысшыл мінез танытты.
Сайыста жеңді ақтығы,
Махамбеттей мәрттігі.

Тебіренсем үнім жарасты,
Ақжарқын, ашық кеңесем.
Сағынғанда Манашты,
Оқып жүр құрдас-жеңешем.
Баптаған жүрек бақшасы,
Қабыл ал піскен жемісін,

Сен жөптесең қосыла,
Зор жетістік мен үшін.
Өтелер парыз жол таптым,
Ескерткіш досқа орнаттым.

2. Ұядан ұшқан сақ қыран

Қостанай атты өлкені,
Шын сүйген Манаш серке еді.
Қиындық көшін көрсе де,
Балалық өтті еркелі.
Қыз күлкілі Обаған
Сылқылы қалды құлақта,
Даланы күйге ораған,
Табылдың үні жырақта.
Ақ күміс айдын жарқылы,
Аққу-қаз тынбас саңқылы.

Іргесі берік жарасқан,
Ақсұлу мен Қабаштан
Екінші ұл туды өр мінез,
Сәулемен ойнап таласқан.
Қабдұл-Сұлтан шын аты,
Манаш боп кетті ақыры.
Шақырып биік мұраты,
Шалқытып өмір татымы.
Еркелік берген жол қандай,
Ибраһим Абай болғандай.

Көзі өткір жүрек жаулайды,
Ащы үні төрде талмайды.
Қыр мұрыны ұшы имек.
Анасынан әнтек аумайды.
Үйірген алтын сақадай,
Тыпыршып тыным таппайды.

Бір кезде Қозыбай атадай,
Салмақты қалпын сақтайды.
Ұйқыға шексіз құл емес,
Әйтеуір тегін ұл емес.

Атанған Тазкөл ауылда,
Туыпты күзгі дауылда.
Әйгілі Қозыбай атасы,
Сүйсініп басты бауырға.
Көл еді-ау көлдің балғыны,
Балығы шоршып тулаған.
Ғажайып, шүйгін шалғыны,
Көз тойған көркем нулы алаң.
Қабекең баулып жастарды,
«Жаңа тұрмыс» аулын басқарды.

Мән бермей алар тынысқа,
Манашты жекті жұмысқа.
Соғыс жылдардың сабағы
Жол салды алда ырысқа.
Арам шөп жұлып тойған соң,
Тапты өнер үздік десекші.
Шөпшілерге болды сонан соң,
Егіншілерге әйдік есепші.
Есепке әділ атанды,
Талайдан алғыс, бата алды.

Кішкентай, көлшік дегізбей,
Қарасу Қара теңіздей,
Қара көз Зекеш қыз бала.
Қатарлас өсті егіздей.
Аялап қызыл, жасылды,
Суретке елтіп төнетін,
Суретші қыз Асылды,
Өзгеден артық көретін.

Алыстан көзге елеңдер,
Балауса-ғашық дегендер.

Ауылдың қызы от болар,
Бүгін бар, ертең жоқ болар.
Оқуда Манаш жүргенде,
Айттырған жерге кетті олар.
Ұзасақ солай жан-жаққа,
Көзіңнен таса шеттейді.
Бәрібір кімді алсақ та,
Көңілден олар кетпейді.
Шындықты үнсіз жөптейсің,
«Жезкиік» кімде жоқ дейсің.

Сабаққа жүйрік Манашты,
Қаумалап қыздар таласты.
Есептерін шығартып алғанша,
Естерінен мүлдем адасты.
Педучилищені бітіріп,
«Үлгіліге» болды мұғалім.
Ұмсынтып жүрді күтініп,
Алматы жаққа шығар күн.
Балалық артта тасталды,
Ұстаздық жолы басталды.

Алғашқы алған айлығын,
Сыйлауға туды жайлы күн.
83-тегі Қозыбай,
Үлкенін жойды қайғының.
Манаштан ырыс татынып,
Аңсатқан күнге ой тұнды.
Ағайын жұртты шақырып,
Ақсақал үлкен той қылды.
Деп еді: «Алла қолдайды,
Күйзелу енді болмайды».

Айтқаны келді абыздың,
Басталды жолы аңыздың.
Алматыда түсіп оқуға,
Болжады сәтін маңыздың.
Бекмаханов сонда оқытты.
Жол салып биік өреден.
Шындықпен жанын толқытты,
Тәжібаев Төлеген.
Болды өзі алғыр, ұстамды
Руханият жолын ұстанды.

Орасан шексіз бағасы,
Оразалыдай асыл ағасы,
Көрсетті барша көмегін,
Тірлікте жартас панасы.
Қанышқа тартқан қонақжай.
Қосаққа тартты қостары.
Шәмиябәну мен Оразай,
Ең қымбат болды достары.
Сыйласты қазақ асылы
Асылдармен өтті ғасыры.

Тәуелсіздік алды елім,
Қайтарды ескі бар кегін.
Елбасы тұңғыш жол бастап,
Қолдасты Манаш жантелім.
Шалқыды ғалым серпіліп,
Жаңаша жолды салғанда.
Алашшыл асыл өр түрік
Шақырды асыл арманға:
Манаштың асыл арнасы —
Мағжандықтың жалғасы.

Қостанай, Тобыл ұланы,
Қазақтың алғыр қыраны.

Жағасында Есілдің,
Жұлдыз боп сөнбей тұрады.
Сөзге де шешен жаралса,
Сегіз Серіге тартқаны.
Іске көсем бола алса,
Абылайдан аз ба тапқаны?!
Ақ сүттен келген тектілік,
Бітті оған қайсар серттілік.

Шын талантқа тумыстан,
Бабадан мирас жұғысқан.
«Елім-ай» әні қазаққа,
Ән ұран болып ұғысқан.
Домбыра тартса, әу бастан,
«Елім-ай» жанын толқытты.
Ырғағы мауқын дәл басқан,
Әуенге туды жол құтты.
Атаға бала тартқаны,
Жүрекке шырақ жаққаны.

Мықты ғой сезім күштен де:
Көзіңе көзі түскенде
Жымиып қана тұратын,
Бөлісіп мұңын құс пенде.
Ақылмандық — Ахметтен,
Данагөйлік — Шоқаннан
Тапқаны бүкіл жер-көктен,
Атамекен, Отаннан,
Сол мінезбен Манаш артықсың,
Туған жерге тартыпсың.

3. Манаш пен Сара

Келеді поезд арқырап,
Пыс-пыс та сарт-сұрт ән құрап;

Созылды жолда көк будақ,
Жалындай аттың жарқырап.
Пай, пай, жастық жылдары-ай,
Көңілде өшпес із қалды.
Көріп ек жолда біз талай,
Ай қабақ, әнші қыздарды.
Сәт сапар толып ән-жырға,
Шырқаушы ек шығып тамбурға.

Айтулы тарих ғұмырын,
Басталды жолда шын ірі.
Манаш пен Сара танысты,
Махаббат қолдап мың пірі.
Аңсары қыз аққудай,
Тұлғасы балғын балапан
Қоймайды көркі шат қылмай,
Ерекше тәңірім жаратқан.
Жеті күн жүріс бар сәтті,
Қостанайдан Алматы.

Бәрі де сабақ санаға,
Нұрлы үміт кірді араға.
Үшінші курстың студенті,
Тап болды Манаш Сараға.
Мектепті биыл бітірген
Оқуға түспек Сара қыз.
Абитуриент кербез күтінген,
Қимылы, сөзі бәрі аңыз.
Манаштың көңілі құлады,
Не керек, сұлу ұнады.

Оятса жүрек сары қыз,
Жас көңілге бәрі ырыс.
Ауылда өскен әдепті,
Ұялшақ едік бәріміз.

Тарихтың шертіп қызығын,
Сараны Манаш ұйытты.
Жадынан кетпей үзік үн,
Ұйқысын қыздың сұйылтты.
Ақсары жігіт әдепті,
Жүрекке тұңғыш дән екті.

Купеге келіп тұратын,
Әңгіме-дүкен құратын.
Жеті күн жетті-ау сұлуға,
Дұрыстап назар бұратын.
Жөн сөзге қыздар тоятын.
Сенбестік зілін жоятын,
Манаш та «Шіркін, дүние-ай»,
Деп қобалжып қоятын.
Естісе қыздар ертегі,
Тап солай өтер ертеңі.

Аузына кімнің кім ие,
Табады жастар тың жүйе.
Атап та кетті сол қыздар,
Манашты «Шіркін дүние».
Ізіне берік түсіппіз,
Жүректі Сара улайды.
Ақылды, ойлы, пысық қыз,
Аса көп жаттық қылмайды.
Қыз Жібектің өзіндей,
Ажары күннің көзіндей.

Ұқса да жігіт сәлемін,
Қыз бұзбас үркек мәнерін.
Мың бүктеп қана қояды,
Жас сезім ыстық әлегін.
Қызық қой ерке назды өмір.
Жөн білер тапты жерлесті.

Өзгені қойшы, әйтеуір,
Жақсы аға жолда кездесті.
Көрмеген бұрын қалада
Сүйенер таныс «ағаға».

Балбырап тұрған талдырмаш,
Ақ мақта тәні балғын жас.
Ішінен Манаш сүйсінді,
Жан баурап нәзік қарындас.
Қара көз нәркес, ақ тамақ,
Ақ тоты дерсің ақтығын.
Тұлғасын ықшам байқап ақ,
Аңдады бойға шақтығын.
Сыйластық толса сөзінде,
Құштарлық тұнды көзінде.

Емес-ау Тобыл түлкісі,
Тап-таза шындық күлкісі.
Манаурап Манаш толқыды,
Қонғандай қолға жыл құсы.
Тарихшыл әсем жылы сөз,
Сұлуды әбден балқытты.
Көрмепті бұрын болған кез,
Бұл жігіттен артықты.
Қыздырды поезд жүрісті,
Екі жас солай білісті.

Жеміске сай ғой желеуі,
Жүрекке жүрек сенеді.
Айту жоқ, бірақ, түс жарып,
Сыр бүктеп олар келеді.
Ол кездегі құштарлық,
Әдептен озып кетпейді,
Ұятты берік ұстарлық,
Сезімнің селін шектейді.

Дәстүрге қайтем сын артып,
Бүгінгіден мың артық.

Ойы жоқ қыздың бірлесер,
«Аға» — деп қана тілдесер.
Астымен қарап көзінің,
Ақырын ғана үндесер.
Сыр бермей Манаш көнеді,
Қарлығаш құсты аялап,
Шақырар деп бірге сенеді,
Алмалы сайда саябақ.
Жігіттің ауды назары,
Басталды ғашық азабы.

Алматы бәрін қарсы алды,
Көрген жан қызға тамсанды.
«Ағасы» болды шын қорған,
Білдірмес жүрек шаршауды.
Орнықты Сара КазГУ-ге,
Математик болмаққа.
Бес жыл да өтті әр күйде,
Түскен жоқ бөтен қармаққа.
Өзгеден қымбат бағасы,
Кездесіп жүрді «ағасы».

Екі жыл жүрді сыйласып,
Жабайы, жатық сырласып.
Құпия жүрек жетегін,
Бірінен бірі ұрласып.
Жерлестер тату ұйымы,
Күні жоқ құшақ ашпайтын.
Думан, той, жастық жиыны,
Бәрін де Манаш бастайтын.
Қырындап біреу Сараға,
Түспейтін екі араға.

Өмірді болмыс жеңердей,
Тағдырға көңіл сенердей.
Ақ тілек Манаш жасады,
Үй болайық дегендей.
Ғажап қой үні тотының,
Ырғаққа өзге бастады.
Бітіріп алмай оқуын,
Отауға Сара баспады.
Тарихшы жігіт баптанды,
Ауылға Манаш аттанды.

Достарға Манаш білдірмей,
Сағыныш татын ілдірмей,
Ұстаздық құрды институтта,
Күн жүрсе алға түн жүрмей,
Екі жыл тосу қиын ғой,
Шыдатпас бойда тағы күш.
Болар деп қашан біздің той,
Биледі бойды сағыныш.
Хат жаза беріп Сарашқа,
Ақын боп кетті Манаш та.

Сүйгені жақсы болғаны,
Жігітке бақыт қонғаны.
Екі жыл алшақ жатса да,
Түйісті қайта жолдары.
Қарсы алды қызын Қостанай,
Сара да келді ел жаққа.
Жарқ еткендей қостан Ай,
Ол да ұстаз болды бір сапта.
Уақытқа еткен жалыныш,
Есебін тапты сағыныш.

Елу алтыншы жылдың көктемі,
Қалауын тауып септеді.

Студенттерді түгел егіске,
Тамаша болды жеккені.
Ол кезде Манаш белгілі,
Институттың парткомы.
Басталды іске дер күні
Ғылым да өзіне тартты оны.
Хикая көп әлі де,
Егіске келді бәрі де.

Қылымсуды Сара тастады,
Қиқайып кері баспады.
«Жетікөл» атты совхозда,
Жүректі тыңдай бастады.
Тілекке көнді еркесі
Туыпты сәтті ел кеші.
«Жетікөлді» Манаш көретін,
Махаббат құтты Меккесі.
Студенттерге Сара жетекші,
Парткомның Сара басты ісі.

Қонды зор бақыт Манашқа,
Шаттанды сұлу Сараш та.
Пішенбай Молдабайұлымен,
Құдалық құрды Қабаш та.
Достасып кетті екеуі,
Мың жылдық бастап ұранды.
Жастардың қосып жетегі,
Қабекең қатты қуанды.
Сәбитпен болған көшелі,
Ғабиттің Пішенбай досы еді.

Әйтеуір құдай оңдады,
Сараның текті болғаны.
Береке қонып төріне,
Манашты бақыт қолдады.

Сөзінде соңғы қалдырған,
Өзін де биік, текті етті.
«Жұлдызымды жандырған
Саратайым» — деп кетті.
Сағынса́ң Сара саңлақты,
Шалқыта бер шаңырақты.

4. Самғау биіктері

Оқу да бітті аңсаған,
Арманға жетті қанша жан.
Қостанайға Манаш аттанды,
Қарияларды ойлап шаршаған.
Пединститутта ұстаздық,
Көрсетті өмір мектебін:
Кей төрдегі сұмпаздың
Түзетіп керден кеткенін.
Ойлантпай қоймас естіні,
Осында өтті бес жылы.

Бірақ та, бірақ, бұл майдан,
Жастарға оқып тыңайған
Поповтармен шайқаста,
Күш алды жалғыз құдайдан.
Қозыбаевтың ықпалы
Көп ұзамай бекіді.
Еш адамнан ол ықпады
Парткомдық құрып жетілді.
Лекциялар оқып сабырлы,
Қалаға еркін танылды.

Тыным жоқ шымқай жаншапқы,
Ғылымға жолды бастатты.
Қостанайдың жазса тарихын,
Алматыны тамсантты.

Ұл тапты Сара осында,
Үй-жайлы тұрмыс жаңғырды.
Болуға бірге қасында,
Ата-анасын алдырды.
Қостанайға жолдау алғаны,
Осы еді ең зор арманы.

Бірақ та, бірақ бұл майдан,
Оңайлықпен тез бітпеді.
Жоғалды сенім шырайдан,
Тез кету болды күткені.
Соңына түсті бір зиян,
Үндеместердің жендеті.
Жылан жүріс зымиян,
Қайталап келді ел дерті.
Шыдамын әбден тауысты,
Алматыға Манаш ауысты.

Ат басын бұрды ғылымға,
Осы еді ойы бұрын да.
Тәуекел етті бір өзі,
Ешкімге жаймай сырын да.
Қызметке алды институтқа,
Бейсембайұлы Серікбай.
Танымал ұстаз ел-жұртқа,
Тік шешті ұзақ қорытпай,
Партия тарихы негізгі іс,
Күш келді шапшаң жегілгіш.

Бойына нардай көркі сай,
Жан еді жүрер көңіл жай.
Алғашқы рет Манашпен,
Таныстырды мені Серікбай.
Сол жылдардан сыйластық,
Арада берік орнады.

Нәтиже берді тынбастық,
Кандидаттығын да қорғады,
Профессор, доктор боп,
Қарсы алды зиялы қалың топ.

Серікбай аға сері еді,
Ерекше туған ер еді.
Би дегенде артистей,
Ән салып та береді.
Жақсы еді-ау аға серуенге,
Талай қызық тойладық.
Жезқазғаннан келгенде,
«Пульканы» да ойнадық.
Шәкіртке қатты сенетін
Манашты мақтап беретін.

Сөнгендей тірлік шырағы,
Серікбай аға құлады.
Қатты кесел күрт тиіп,
Қартайғанда сынады.
О, тағдырдың ісін-ай,
Бұрылып кетті достары.
Бір ғана жүрген бұлқымай,
Манашы болды тосқаны.
Ағаны күтті, баптады,
Парызын Манаш ақтады.

Қара бұлт оқыс ту ілді,
Көрген жан оны түңілді.
Имашев Саттар ренжіп,
Қызметтен Манаш қуылды.
Тағы да бес жыл ұстаздық,
Амалсыз Мәкең жасады.
Қалт етпес кезі тың қазық,
Біткен іс бәрін басады.

Членкор болып ғылымға,
Жарқ етті тарих шыңында.

Самғауық сәттер басталды,
Энциклопедияны басқарды.
Академик болып сайланды,
Қуғындау оны тасталды.
Бәрі де әйгі ел-жұртқа.
Сөзді сөз қозғар себеп бұл.
Шоқанның атындағы институтқа
Он төрт жыл болды директор.
Жетпіске жеткен шағында,
Көз жұмды нағыз бабында.

Құлатса дауыл жартасты,
Толқынмен мың, мың шайқасты.
Қалдығымен инфарктың,
Қырық жыл Манаш айқасты.
Жан құштар өмір жолында,
Қажымас қайрат білдірді.
Қырық жыл ғылым соңында,
Жүз жылдық мұра тудырды.

5. Манаштың асыл іздері

Тарланбозы тарихтың
Шарықтап шалқып шын қызды.
Туғанда дербес жарық күн,
Шындыққа елді бұрғызды.
Анықтап берді қадалап,
Қалың ел талай өткелін.
Қайтадан берді саралап,
Қазақтың өткен, кеткенін.
Бойында жалын лаулаған,
Мағжаннан сонда аумаған.

Заманға зауал наз артты,
Шер-шемен жүгін азайтты.
Ашылып талай «ақтаңдақ».
Әділдік жолын жаңартты.
Байтақ ел асқақ ұлы еді.
Тарихтың тарлан Манашы;
Шындықтың мәңгі құлы еді.
Ерекше біткен санасы.
Салт-дәстүр өңір жетілтті,
Мұддесін ұлттың бекітті.

Солженицындер қағынған
Күш қозғап Манаш дабылдан,
Қазақтың жерін қорғады,
Бабалар көші табынған.
Самғауық еді ақ иық,
Қанаты көкте талмаған.
Қиядан ойды ілетін,
Өзгенің парқы шалмаған.
Дауысын ұқты әр қия,
Әлемге болды ол жария.

Күш салды ұлттық дінге де,
Қорғаушы болды тілге де.
Қазақша таза сөйлейтін,
Мән беріп ырғақ, үнге де.
Ой қандай! Терең теңізден,
Әр сөзге ауыр жүк берген.
Дүлдүл ғой нағыз дегізген.
Сөйлеген сәтін жұрт көрген.
Ордалы жаумен алысқан,
Сол еді-ау нағыз арыстан.

Биікке әділ өрлеген,
Бұралаң жолға көнбеген.

Қонаевты қолдаса,
Шаяхметовты бөлмеген.
Намысшыл сол ғой тарлан ер,
Тарихтың таныр тармағын.
Көкірегіне шемен батқан шер,
Жалғады көппен арманын.
Тарихта жарқын жаңашыл,
Бой жазды заңғар жаңа шың.

Тәуелсіздік елге жеткенде,
Күш алды жерден, көктен де.
Ағындап еркін заулады,
Бодандық заман өткенде.
Абылай хан оны жебеді.
Ашыла түсті дарыны.
Ұлттық рухтың ерені,
Қолдады Кенесарыны.
Құрдастық жасап кең сенім,
«Кенесарым» — деуші едім.

Тіл қамын ойлы болжауды,
Жаны ашып талай толғанды.
Ұлттық намыс ол көретін,
Тіл жорығын қолдауды.
Сөйлеуді мінсіз сүйетін,
Нақ бассаң алғыс үйетін.
Шенділерге мешеу тіл,
Қырғидай қатты тиетін.
Ақ алмас әрбір сөзі де,
Жақсы ақын Манаш өзі де.

Тапжылмай кемел төселді,
Талдады талай «көсемді».
Соққылап берді оңбастай,
Тоталитарлық кеселді.

Тікелей айтты сенгенін,
Дәлелдеп тура айқындап.
Қазақтың соғысқа бергенін,
Паш етті көпке қарқындап.
Қан майдан болды тірегі,
Әр бес қазақтың біреуі.

Дербестік жайса самалын,
Кең жалған ашты қабағын.
Дес берді сонда ғұлама,
Ұлт мүддесі сабағын.
Паш етті жаңа тарихты,
Ескінің ашып залалын.
Сүйсіндірді халықты,
Жайнатып заңғар талабын,
Булыққан ыза бұрқ етті,
Тарланбоз туды құдіретті.

«Тоқмақ» — деген тоқпаққа,
Алайық әу, дем тоқтап та.
Ермақты қазақ «тоқпақ» деп
Көндікті ұрып соқпаққа.
Өзгерді ата қоныстар,
«Соқ та жық» үні батады.
Қыпшақ елін орыстар,
«Тоқмақ» — деп бірде атады.
Тарихқа Манаш үңілді,
Ермакты зерттеп түңілді.

Басқандай дүлей құм көлді,
Еділден сотқар жын келді.
Қазақтар «Ібір — Сібірден»
Арқаға жетіп күн көрді.
Көп қазақ қашып тығылды,
Бас иіп, шұлғып ептеді.

Байырғы атамекеннен,
Әлі күнге олар кетпеді.
Зеңбірегінен Ермактың,
Сібірге қалың шер батты.

Ой салсақ, ұрпақ байқар деп,
«Бай көл» де кетті «Байкал» боп.
«Ене-Сай» қазір Енесей,
Осындай жақын аттар көп.
Хандыққа қатер басталды,
Ермакты патша басқарды.
Он бес жыл Көшім хан тіресті,
Дәрілі оқтан жасқанды.
Шұбырып көшіп қалдығы
Қирады Сібір хандығы.

Ел қарғысы оңдырмас
Лағнет атса мол тұрмас.
Ертіске Ермак батыпты
Баукеспе жендет содыр қас.
Ұрлықтың жүрсе жолында,
Тонауға көшті милапты.
Сонда аңдып жүріп соңында,
Ермакты Көшім қиратты.
Манаш та міндет ақтады,
Аз емес іздеп тапқаны.

Көшім хан аңдып мас топқа,
Жасады қырғын қансоқта.
Секіріп жардан өлді Ермак,
Қалар ма есен тас соқса.
Сойдиған сирақ өлікті,
Тапқанын қазақ қарашы.
Қара жерге терең беріпті,
Бегіш бектің баласы.

Қазақтың есін кетіртті,
Ермакты патша есіртті.
Не түспес осал мойынға,
Саясат мол патша ойында.
Ақсуды Ермак атады
Романовтардың тойында.
Ермакты батыр санатты.
Ақ патша қызып құныкты.
Отаршыл қырғын қарақшы
Отаншыл болып шығыпты.
Орнаған қызыл бодандық,
Жасады «Тоқмақ» одан нық.

Ақсумен ашсам сырымды,
Қиямет көп қой бұрынғы.
Шыдады қазақ жеткенше,
Тәуелсіз өмір бүгінгі.
Қарадан ақты айырып,
Білместің жынын майырып,
Зор сайыспен алдық-ау,
Ақсудың атын қайырып.
Тайдырған «тақтан» Ермакты
Есімін Манаш қолдатты.

«Тоқмақтың» қырда солды үні,
Қуаныш елде болды ірі.
Ұйқыда жатқан Көшім хан,
Бір аунап түсті сол күні.
Жебеді сонда бір құдай
Шындықтың орнап тірлігі.
Манаш пен Қуат мызғымай,
Тарихта қалды бірлігі.
Қайраткер деген атақты
Осындайда елім атапты.

Майданға сай боп шығатын,
Мақтауға шексіз тұратын
Қол ұстасты Манашпен
Есімханұлы Қуатым.
Ғалым мен Әкім тырысты,
Ел басы қостап кірісті.
Арманың болмас өмірде,
Тындырсаң сондай бір істі.
Манаштың шықты зор үні,
Біткендей «Сібір жорығы».

Тарихшы дүлдүл талғамы
Даналар ойын жалғады
Көкейкесті арманын
Мүддеге ұлттық арнады.
Тарихшылардың ақыны,
Ақындардың нағыз жақыны.
Көсем сөз көкжал дүлдүлі,
Нар тұлға еді аты ірі.
Дарабоз тарлан еңселі,
Қалың ел қамын көкседі.

Адалдық — тарих ұраны,
Түзушіліктің әділ құралы.
Даналарға біздің арналды,
Манаштың жаққан шырағы.
Абай, Абылай, Бұқарды
Мұхтарды, Қаныш, Мәлікті,
Тарихи көзбен ұқтарлы
Танытты Бауыржан, Салықты.
Есенберлин үні дарыды,
Жазуға Кенесарыны.

Ақиқат тарих пырағы,
Өткеннің таза тұрағы

Көсемдердің зар шеккен.
Алтынмен атын құрады.
Ахмет, Мағжан, Міржақып,
Мұстафа, Сәкен, Ілияс
Туғандай мәңгі күн шалқып,
Тарихи айтты сыры наз.
Ағалардың жазды талайын,
Жеткізіп көпке арайын.

Тарихшы дүлдүл талғамы,
Даналар ойын жалғады.
Қозыбаев барша ғұмырын,
Мүддеге ұлттық арнады.
Бар шындық осы, ағайын,
Кең толғап айтсам үзік сыр.
Қарайламай көп жұрт маңайын,
Ол өзгеше биік тұр.
Ұлтжанды осы асылың,
Көсемдік сездік нәсілін.

Ұлттық мүдде талабын,
Көксеген тыңда жауабын:
«Ұлттық намыс мол табыс
Қауіпсіздік — деді — амалым».
Мемлекеттік бедел мен
Ұлт мүддесін қойды алға.
«Бұл екеуін тепе-тең
Ұстауды қосам мен заңға», —
Деп толғанды ол өзінше,
Елбасының ресми көзінше.

Елдің аузына етекті,
Тосқандар одан селк етті.
Наполеонға мен ұқсаттым,
Шағын бой, шымыр еркекті.

Мың қопарсам шешіле,
Таба алмадым еш мінін.
Түсіре берем есіме,
Күлімдеп тұрған кескінін.
Елім деп тұнған бар мұңы,
Қаныштың сол ғой қалдығы.

Бір шолмай бел мен белесті,
Тоқтату қиын кеңесті.
Биігін жеткен барласам,
Ұлылармен Манаш теңесті.
Тарихта ашса жаңа жол,
Тұтанды ұшқын сөзінен.
Әр нәрсеге қарады ол,
Ұлттық мүдде көзімен.
Шындықтың Манаш — жалшысы,
Ұлттық мүдде — жаршысы.

08.08.2006.
Астана

БІР ЖЫЛ ӨТТІ

(поэма-естелік)

Бір жыл толды Манаш жүріп кеткелі,
Ол фәниден мәңгілікке беттеді.
Осы болды ас пен дұға үстінде,
Достарының жүрек қылын шерткені.
Сағыныштың сұрша құсын ұшырдым,
Әр досының жан сырын дәл түсіндім.
Айтқандары жүрегімде жазылып,
Жан бірлесіп мен өлеңге түсірдім.

Кенжеғали Сағадиев

Заңғар ғалым, орда құрған ұялы,
Зор еді ғой Манаш аға қиялы.
Бір жыл толды ортамыздан кеткелі,
Енді өлімге қимастар да қияды.

Үш кітап боп ағындады естелік,
Мұрағат тақта орнатылды дес келіп.
Енді барып, қарап қана тұрамыз,
Әз бейнесін, ақ күлкісін ескеріп.

Ол кеткенде барша қазақ қиналдық,
Аз уақытта қолдан келген сыйға алдық.
Ата дәстүр салтыменен біз бүгін,
Ел арысын еске алуға жиналдық.

Ас жайылды лайық атақ, даңқына,
Ол да аландап жатқан шығар халқына.

Аманолла Қажы аят-дұға оқысын,
Жүгінейік дін, мұсылман салтына.

Одан кейін арнап тағзым асылға,
Еске алайық жүргендей боп қасында.
Баршаңыздан мен рұқсат сұраймын,
Бұл жиынды ресми түрде ашуға.

Бәйкен Әшімов

Зиялы ұлы сол еді ғой Алаштың,
Ол сөзіме айта қояр талас кім?
Бір жыл толды сағындырып кеткелі,
Топырағы торқа болсын Манаштың.

Тарих сырын ашып берді көл-көсір,
Толықтырар жиналған көп өзгесін.
Ақиқаттың тұтатты ғой пілтесін,
Манаш жаққан шырақ мәңгі сөнбесін.

Сара, қалқам,
Рақмет дейміз біз саған,
Аллаға аян адал жолың ұстаған.
Немерелер, есен жүрсін ұл-қызың,
Өріс тапсын Манашыма ұқсаған.

Алғысы мол саған бүкіл елдің де,
Бар рәсімін жасап жүрсің дер күнде.
Құтты қолмен құйылғандай лайық,
Бейітінде орнатқан зор белгің де.

Мінезің пәк бәрімізге ұнаған,
Салтың берік елдің басын құраған.
Заман қалай құбылса да сыр бермес,
Саған тартсын жар сыйлаған бір адам.

Кеше ашып ек біз мұрағат тақтасын,
Ескі үйінде құтты белгі тапты асыл.
Әлі талай ескерткіштер арналар,
Ішкі даудан, сыртқы жаудан сақтасын.

Жас ұлғайып, сөз бастатса ағалық,
Ғұламаның өткен жолы бәрі анық
Байтақ елдің өкілдері көш құрған,
Манаш жайлы ойды ортаға салалық.

11.01.2002.
Алматы

Серікбек Дәукеев

Манаш сүйгіш бүкіл біздің ғалымдар,
Көкірегінде сағынышты сағым бар.
Қаныш жолы — біз ұстанған ар ісі,
Дарындыны ұмытпайды дарындар.

Манашты айтар ақиқат пен мол аңыз,
Бәрін бүгін еске алып кең шоламыз.
Сара жеңгей, сізге айтарым анықтап,
Қиналғанда қасыңызда боламыз.

Ауыр жүкті сіз алсаңыз мойынға,
Көптеп, септеп жеңілдету ойымда.
Бір жыл өтті асыл аға кеткелі,
Өткізерміз талай мерейтойын да.

Келеді ертең жетпіс бесі, сексені,
Қайғы тарқап, көтерерміз еңсені.
Қабыл болсын бүгінгі үлкен асыңыз,
Бір тарқасын өкінішті ел шері.

Заманымыз, амалымыз бір еді,
Зор тарихшы, ол тарихта жүреді.
Елестейді арамызда бейнесі,
Естілгендей лүпілдеген жүрегі.

Енді жеңгем, белді бекем буыңыз,
Өркендесін қызыңыз бен ұлыңыз.
Жер шарына аты әйгілі дауылпаз,
Құламайды Манаш атты туымыз.

11.01.2003.
Алматы

Салық Зиманов

Халықтың сөзі киелі
Киелі сөз ғой жүйелі.
Шындық осы талас, мейлің таласпа.
Ардақтысын заңғар дейді,
Ар-ұжданын аңғар дейді,
Заңғар деген жарасады Манашқа.

Сырттан даттай білмеді,
Іштен жау боп кірмеді,
Паш еткені ақ ниетті наз еді.
Ажал оқыс әкетті,
Тағдыр солай бәс етті,
Тап Манаштай абзал бізде аз еді.

Жақтаса халық асылды,
Сый құрметін асырды,
Іргектері төрден орын алады.
Марапат етпес масылды
Тарихтың өзі жасырды,
Болымсыздар іркіліп төмен қалады.

Іріміз Манаш келелі
Өркендеп өсті беделі,
Тарихшылар жетті биік тағына.
Қисынын табар қиырдан,
Кемеңгерлік бұйырған
Сан жүйрікті орап кетті шаңына.

Кішіге төксе шапағат,
Үлкенге етті мархабат,
Ақымақтардан сақтай білді аралық.
Қымбаттығы бәрінен,
Шындыққа жетті әріден,
Әр қадамы болды нағыз даналық.

11.01.2003.

Кәкімбек Салықов

Бір жыл толды айрылғалы Манаштан,
Таңдап алды-ау ажал Алты Алаштан.
Бірақ, достар!
Ол өлген жоқ тек, туды,
Жаңа мезгіл мәңгілікке жол ашқан.

Ол өлген жоқ.
Өлді деуден сақтасын,
Ел тілегін періштелер жақтасын.
Көшелерде бізбен қатар жүрсін деп,
Алматыда аштық мұрағат тақтасын.

Үй де биік
Секілді екен шұбар құз,
Ол жарқ етті,
Жаутаң қақтық құмар біз.

Нұр жүзінен мейірім төккен Манашты,
Сағынғанда келіп қарап тұрармыз.

Ол өлген жоқ,
Қалар жайсаң күйінде,
Мың, мың ұрпақ қосар асау үйірге.
Еске салар
анау сары домалақ,
Немересі аумай туған үйінде.

Иман тілеп жаратқанға сиынып,
Тәуба — дейік,
Тағзым етсек жиылып.
Әлі талай алдымыздан шығар ол,
Тас тұғырлы сом қоладан құйылып.

Манаш тынбай дарынды өмір тасытты,
Дүлдүлдігін досы түгіл қасы ұқты.
«Тарихшылар дарабозы» атанса,
Сездік одан ақындыққа ғашықты.

Не десек те жарасады асылға,
Ұқсаушы еді, бұлтты жарған жасынға.
Тұрар жайнап,
Манаш — жұлдыз бейнесі,
Белгі болып, алда талай ғасырға.

Ол өлген жоқ,
Келеді атқан таңменен.
Оны ұмытпас,
Аңырақайшыл сан белең.
Ол оралар,
Желтоқсаншыл Абылайлап,
Ағыбаймен, Кенесары ханменен.

Құшақ жаймас,
сонда алыстан танып кім,
Жайнай түсер,
сүйікті ұлы халықтың.
Дүбірі мен өшірмейді ғұмырын,
Манаш атты — Құлагері тарихтың.

06.10.2003.
Алматы

Сағындық Кенжебаев

Манаш мерт боп,
Кештік достар мол қайғы,
Бір жыл Сара,
Жас төгілттің ол жайлы.
Енді бекін.
Қазақ үшін Манаштың
Қанша айтсақ та,
Орны қайтып толмайды.

Сұм ажалдың таңдап алар
Заңы бар,
Арыстардың біржола өлмес
бағы бар.
Ол өзіне жасап кетті ескерткіш,
Тарих сырын іздегенге табылар.

Құғын-сүргін көргендерді
айыптан,
Құтқаруға еңбегі көп танытқан.
Мағжан аға, Міржақыптар жебейді,
Талабы үшін
алғы шепке қайыртқан.

Тап осылай
басса үздік қарқынға
Сөнбес ізін беріктеді нар тұлға.
Манаш атын ұмыттырмас ешқашан,
Ұлы, қызы, немерелер артында.

Тірісінде зор биікке жеткені,
Жас күнінен әділетке беттеді.
Бар айтарым:
Атын мәңгі паш етсін,
Манаш құрған тарихшылар мектебі.

11.01.2003.
Алматы

Зейнолла Қабдолов

Дәл тапқандай ой мен сезім ояуын,
Құлақ шалды сөз-семсері ноянын.
«Қырғыздың Манасы бар,
Қазақтың Манашы бар»,
Десе құптап, мен қолымды қоямын.

Қырғыз елі аңыз етсе Манасты,
Ол аңыздан әлде қайда әрі асты.
Қасымызда бірге жүрген секілді,
Кешегіден бүгінгіге жарасты.

Қырғыз елі ардақтаса Манасты,
Мақтан еттік біз де ұлтжанды Манашты.
Ақтаңдағын
Сан заманның ақтарған,
Біріктіріп тұр ғой бүкіл Алашты.

Он ойланып,
Мың толғанып, ол жайлы,
Дәлдеп айтпай көңіл көркі толмайды.
Туған күнін елі-жұрты білсе де,
Дүлдүлдердің өлген күні болмайды.

Ғалымдығы елге жайса атын көп,
Тапқыр сөзге жүрді үздік жақын боп.
Ақынжанды деп еске алса достары,
Ол өтті ғой аузы уәлі ақын боп.

Жазғанына жармасамыз неге біз?
Орташа емес озық ойға көнеміз.
Тарлан тарих мұхитында
Мұзжарғыш,
Манаш еді-ау желкен жайған кемеміз.

11.01.2003.
Алматы

Серік Қирабаев

Мен Манашты көптен бері білемін,
Жайдары еді
Бұлт торламас реңін.
Қашан көрсең арпалыста жүретін,
Бұла күшпен түріп тастап білегін.

Сол ғадетпен аздық етті тынысы,
Тетік таппас болған емес бір ісі.
Ақиқатты арашалай білетін,
Ағынды еді барлық жүріс-тұрысы.

Адал болды дос арасын ашпайтын,
Тездетсе де,
аспайтын да саспайтын.

Қара қылды қақ жарғанда алмастай,
Әділеттен өнтек қия баспайтын.

Талай қызба азулыға жармасты,
Айқын уәж, тың дерекпен дәл басты.
Ардың жүгін,
Нардың жүгін көтерген,
Нұрлы есімі болашаққа жалғасты.

Манаш келер
алдымызда ақ таңда,
Ол елестер тұлпар өрде шапқанда.
Еңбектері бізбен күнде тілдесер,
Өз керегін әркім іздеп тапқанда.

Қорғай білді туған елдің намысын,
Бауыр басты жақыны мен алысын.
Бір жыл өтті.
Сара енді қамықпа,
Даралығы балаларға дарысын.

11.01.2003.
Алматы

Жабайхан Әбділдиннің сөзі

Манаш деген тұнып тұрған серт болды,
Ол барында төртеу түгел, төр толды.
Бәйге өрінде үздік келе жатқанда,
Құлагердей қапылыста мерт болды.

Жаңалық па жақсыға ажал жеткені?!
Ол мен емес, Платон сыр шерткені.
Қинайтыны
қимас достың мен үшін,
Бір ауыз сөз айтпай кенет кеткені.

Құлагері тарихымның дегенде,
Сағыныш кернеп,
Қан ойнады денемде.
«Тарихшылар тарланбозы» атау да,
Дәл келіп тұр Манаш сынды еренге.

Дос едік-ау, қинағаны зор қайғы,
Енді өмірде оның орны толмайды.
Сара, енді сен де бекін, қуаттан,
Манашыңның әруағы қолдайды.

Лаж нешік, көнбеске адам көнеді,
Бергенінен берері әлі көп еді.
Өлді демен,
туған елі перзентін,
Мәңгіліктің құшағына бөледі.

11.01.2003.
Алматы

Нұрлан Оразалин

Зор бақыт қой қатарласу асылға,
Манаш аға жүрдім талай қасында.
Кезек беріп,
үнемі алға сілтейтін,
Себеп болмай менің кіші жасым да.

Дархан дарын жанып тұрған от болса,
Қонды әруақ ата мирас оқ жонса.
Тез гүлденіп кетер еді-ау туған ел,
Дәл Манаштай ағаларым көп болса.

Айтарым мол, уақыт бөгеп қиналам,
Бәрімізге ортақ еді-ау сыйлы адам.

Оқыс ажал алып кетсе
сол еді,
Қазағымның мандайына сыймаған.

Алматыға көшіп келсе Қостанай,
Жан-жағыма жиналыпты дос талай.
Үнсіз ғана өте алмаймын, ағайын,
Манаш ақын деген сөзді қостамай.

Ол — халайық,
ғалымың да ақының,
Көркем сөзге көмкерді өз шатырын.
Біреу — ағам, біреу — інім десе де,
Манаш менің ең ардақты жақыным.

11.01.2003.
Алматы

Мәмбет Қойгелдиев

Тәрбиесін көрдім көп жыл ағаның,
Ізі қалды өшпес алтын тағаның.
Серіктесі етіп көп жыл сыйлады,
Үлкені сол маған берген бағаның.

Алакөбе іңір етер талтүсті,
Көрдік талай аласапыран тартысты.
Нақұрысқа түйілетін қырандай,
Надұрысқа қабағынан қар түсті.

Әділет жеңсе, қайта жайнап күлетін,
Табушы еді адамсүйгіш ретін.
Кейде жастар басып кетсе безбенді,
Өзін жылдам басуды да білетін.

Кісілікті кішілікпен күзеткен,
Өне бойы өзін-өзі түзеткен
Жаратылған жан еді ғой, шіркін-ай,
Сыйластықтан, қимастық пен ізеттен.

Айтқанынан көрмедім бір ағатты,
Әділдік пен ақиқатты жаратты.
Сағынышпен енді ойлап отырам,
Бірге өткен әрбір қымбат сағатты.

Ұялатқан ардың ісін санаға,
Салдырмаған серікерін табаға.
Басымды ием үлкен астың үстінде,
Інілердің алғысын ал, жан аға.

11.01.2003.
Алматы

Сараның сөзі

Бір жыл өтті! Аттанғалы Манашым,
Басу қиын болды-ау көкірек жарасын.
Сондай кезде бар қайғымды бөліскен,
Сіздерсіздер, дос-жарандар жаны асыл.

Жаға болар ағалары бар екен,
Тірек етер інілері нар екен.
Қиындықта бәрі берді қолқабыс,
Асыл жарым елі сүйген жан екен.

Туған жердің құшағына орандым,
Ғалым достар құрметін де көп алдым.
Шәкірттері қадап кеткен жалаудай,
Желкен тартса,
ес жинадым, оңалдым.

Аста отырған басымды ием бәріңе,
Айта берем мың, мың алғыс әлі де.
Міне, ресми жылдық асын өткіздік,
Разы болғай, келгені осы әліме.

Әз бейнесін көріп жүрген жүзіктен,
Бір тоқтаттым көздің жасын тізілткен.
Сіздер айтқан ізгі тілек септесіп,
Келешекке қараймын зор үмітпен.

Игі досқа жәудір көзбен қаратқан,
Өтті бір жыл әрбір күнін санатқан.
Манашымның риза болсын әруағы,
Баршаңызға шаттық берсін жаратқан.

11.01.2003.
Алматы

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім.
ӨЛЕҢДЕР 3
Сөнбейді Манаш — жұлдыз 5
Тарихтың сабақтастығы 7
Елбасына берген кітаптағы сөз 8
Ұлттық қорған 9
Біздің Манаш осындай 10
Қанатты адам 11
Бірлік туы — Би-аға 12
Құтты өлке 13
Күзгі шуақ 16
«Сұм жалғанның
сан соққысын кештім де...» 18
Бір жаңартып өтетін 19
Манашқа берген кітаптағы сөз 20
Манаштың айтқаны 21
Сегіз сері кемеңгер 22
Өткінші 24
Тоқтамайды жұмыр жер 25
Ұлы тағзым сапары 26
Түркістанға барғанда 28
Бір қазақты бөлмейікші екіге 30
Досқа сыр 32
Манаш сөзі 34
«Дербестік елім алғанда...» 35
«Дүние — озбырлықтың ойраны ғой...» 36
Сағыншақпын 37
Бір мін бар 38

Өтті ғасыр 40
«Қай заманда
жақсы және жаман бар...» 42
Ішкі сыр 43
Тарих берген қосақтар 44
Білгенін елге танытты 45
Перзентімін ардақты Жер-Ананың 46
Манашқа жазған жауап хат 47
Бәйкен аға 49
Қошановтың тойында 50
«Ер еді біздің Манаш Қабашұлы...» 51
Би-ағама тың хабар 52
Тойдағы талас 54
Қош бол, қазақ арысы 55
Мәңгілікке жол тартқан 57
Астағы сөз тасқыны 60
«Ақын жүрек сағыншақ...» 62
Салт қамшы 63
Сараның Есенгелдіге айтқаны 64
Көріңіз Қаныш аға алғысындай 66
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен 68
Мәңгілікке аттанды 69
Түркістандық биіктен 70
Есенгелді бір қатерден өткенде 72
Қапыда кеттің өмірден 73
Қазақтың үш асылы 75
Асыл тұлға бақыл бол 76
Ғарыш тілін меңгерген 78
Босатып жібер құр атты 81
Есен бол, Асқарым 82
Жарқын жұлдыздар 83
«Атқан таң — тұңғыш құштарлық...» 84
Тебіреніс 85
Еркіндік 86
«Қалай ғана мен тыныш ұйықтаймын...» 87

«Жүрекке жүлде байлатқан...» 88
Манаштың ескерткішін көргенде 89
Қырық күн өтті 90
Қарақалпақ қалалары 92
Менің батам 93
Ағалардың алғысы мен тілегі 95
Күй тартамын 97
Манашты оқы 98
Өмір сыры 99
Наурыз тойы 101

Екінші бөлім.
ПОЭМАЛАР 103
Тарихтың тарланбозы 105
1. Кіріспе 105
2. Ұядан ұшқан сақ қыран 108
3. Манаш пен Сара 112
4. Самғау биіктері 119
5. Манаштың асыл іздері 122
Бір жыл өтті 131
Кенжеғали Сағадиев 131
Бәйкен Әшімов 132
Серікбек Дәукеев 133
Салық Зиманов 134
Кәкімбек Салықов 135
Сағындық Кенжебаев 137
Зейнолла Қабдолов 138
Серік Қирабаев 139
Жабайхан Әбдильдиннің сөзі 140
Нұрлан Оразалин 141
Мәмбет Қойгелдиев 142
Сараның сөзі 143

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ТАРИХТЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Дизайнері *Ж. Қазанқапов*
Компьютерде беттеген *М. Шаймерденов*

Басуға 15.09.06 қол қойылды.
Пішімі 84x90 $^{1}/_{32}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты б.т. 9,25.
Тапсырыс №167.
Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1